

«Қазақстан инжиниринг»  
(Kazakhstan Engineering)  
Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің  
2021 жылғы 15 қыркүйектегі № 7 шешімімен бекітілген

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» (KAZAKHSTAN  
ENGINEERING) ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
2020 ЖЫЛҒЫ  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

# МАЗМҰНЫ

Компанияның Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі  
Компанияның Басқарма Төрағасының үндеуі

## 1. ЕСЕП ТУРАЛЫ

Есепті құру қағидаттары  
Есептің шекаралары

## 2. ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

Саланы шолу  
Компания туралы  
Бизнес-модель және стратегиялық даму  
Компания активтерінің құрылымы  
Басты оқиғалар  
Қаржы көрсеткіштері  
Активтерді басқару  
Инвестициялық қызмет

## 3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мен құрылымы  
Директорлар кеңесі (құрамы, қысқаша өмірбаяндары). Директорлар кеңесінің қызметі. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы  
Ішкі аудит қызметі  
Корпоративтік хатшы  
Басқарма (құрамы, қысқаша өмірбаяндары). Басқарма қызметі. Басқарма сыйақысы. Басқарма хатшысы.  
Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі

## 4. ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу  
Тұрақты дамудың құрамдас бөліктері

**СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӘНЕ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ** (2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін аудиторлық шоғырландырылған қаржылық есептілігі)

## БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

## КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің Төрағасы  
Ә. Сәрсембаев

### **Құрметті жылдық есеп оқырмандары!**

Күрделі 2020 жылы «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы қызметкерлер мен менеджменттің үздіксіз күш-жігерінің арқасында дамудың оң серпінін қамтамасыз ете алғанын қанағаттанушылықпен атап өткім келеді.

Коронавирустық дағдарысқа қарамастан, компания өнімді сатудан түскен кіріс көлемін арттырып, соңғы 5 жылда алғаш рет таза пайдаға қол жеткізді. Осылайша, 2020 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда көрсеткіші 464 млн. теңгені құрады.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2019 жылы бекітілген Даму стратегиясын ұстанады, оның басты мақсаты Компанияны өзінің еншілес кәсіпорындары үшін ғана емес, бүкіл қазақстандық қорғаныс-өнеркәсіптік кешені үшін де құзыреттер орталығы ретінде қалыптастыру болып табылады.

Компания мемлекеттік қорғаныс тапсырысын сәтті орындай отырып, елдің Қарулы Күштерінің қару-жарақ пен әскери техникаға қажеттіліктерін сапалы және уақтылы қамтамасыз ете отырып, отандық қорғаныс өнеркәсібінің флагманы рөлін сақтайды. Өндірістік база мен ғылыми-

техникалық құзыреттерді дамыту есебінен өнімнің жаңа түрлері меңгерілді. Атап айтқанда, «Steel manufacturing» ЖШС зауытында атыс оқ-дәрілері өндірісінің бірінші кезегі іске қосылды.

Бұл жоба қазақстандық армияның оқ-дәрілермен өзін-өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізуге, сондай-ақ бұл болашақта ҚӨК өнімдерін, оның ішінде НАТО стандарттары бойынша жасалғандарын, экспортының номенклатурасын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Шетелдік әріптестермен бірегесіп қару-жарақтың перспективалық үлгілерін әзірлеу жүзеге асырылды, сондай-ақ өнімнің экспорттық жеткізілімдері жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, «Қазақстан инжиниринг» коронавирустың таралуына байланысты төтенше жағдай кезінде, Компанияның қазақстандықтар қауіпсіздігінің барлық аспектілерін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік міндеттерді шешу шеңберінде, сенімді әріптес болып табылатынын дәлелдеді.

«Тыныс» және «Қазақстан Aselsan инжиниринг» зауыттары ұжымдарының күш-жігерінің арқасында, қысқа мерзімде денсаулық сақтау жүйесіне қажетті өкпені жасанды желдету аппараттарының өндірісін жолға қоюға мүмкіндік туды. Өнімнің бір бөлігі осы жабдыққа аса мұқтаж болған Қазақстанның әріптес елдеріне жіберілді.

«С.М. Киров атындағы зауыт» өз қуаттылықтарында заманауи компьютерлік техника өндірісін игерді, осылайша қазақстандық білім беру үшін мүлдем жаңа жағдайларда оқушылар мен студенттер үшін үздіксіз оқу процесін қамтамасыз етуге ықпал етті.

Мемлекет басшысының және ел Үкіметінің тапсырмаларын орындау мақсатында Компания активтерді жекешелендіру және қайта құрылымдау бойынша іс-шараларды дәйекті түрде жүргізді. Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған жаңа Кешенді жоспарының қабылдануымен Компания Қазақстан экономикасын мемлекет иелігінен алу мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі күш-жігерін жалғастырады.

Мемлекет өз тарапынан қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарына қажетті қолдау көрсетеді, олардың толыққанды жұмыс істеуіне және мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін қажетті тапсырыстарды орналастыруға жағдай жасайды. Сәйкесінше, ол Компаниядан барабар қайтарымды күтеді, бұл оның кәсіпорындарының

тиімділігін жалпы арттыруда және олардың ұзақ мерзімді құнының өсуінде көрінуі керек.

2020 жыл Компания үшін оқиғаларға бай болды, оның дамуындағы оң тенденциялар байқалды, болашақта бұл серпінді сақтау қажет.

Компания ұжымына, барлық зауыт жұмысшыларына еңбекте табыс және белгіленген жоспарларды жүзеге асыруды тілеймін.

Құрметпен,  
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің Төрағасы  
Ә. Сәрсембаев

## КОМПАНИЯ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ  
Басқарма Төрағасы  
М. Керейбаев

### **Құрметті жылдық есеп оқырмандары, әріптестер, серіктестер!**

Сіздердің назарларыңызға, үлкен ықыласпен, «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2020 жылға арналған жылдық есебін ұсынамыз. Компания есепті жариялай отырып, маңызды мақсатты көздейді - ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес өз қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету.

Өткен жыл «Қазақстан инжиниринг» алдына жаңа сын-қатерлер қойды, оларды Компания ұжымы өндірілетін өнім желісін кеңейту бойынша, өзіндік құнды оңтайландыру бойынша, оның ішінде әкімшілік шығыстарды елеулі түрде төмендету есебінен; борыштық жүктемені төмендету бойынша, сондай-ақ қызмет пен инвестициялардың жаңа бағыттарын іздестіру бойынша міндеттерді шешуге назар аудара отырып, лайықты қарсы алды.

Компания менеджменті мен зауыт қызметкерлерінің күш-жігері Компанияға кірістілікті арттыруға және қызметтің рентабельділігіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Компания кәсіпорындары мемлекеттік қорғаныстық тапсырысы шеңберінде шарттарды уақытылы және сапалы орындады. Ерекше атап өтсек:

- ҚР ҰҚК Шекара қызметінің жағалау күзеті үшін Орал «Зенит» зауыты салған «Құрық» портында «Абай» маневрлік орналасу пунктін пайдалануға тапсырылды;

- ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен РФ Өнеркәсіп және сауда министрлігінің қолдауымен «№ 405 авиажөндеу зауыты» АҚ базасында «Ми» тікұшақтарын ірі торапты құрастыру бойынша үшжақты жоба шеңберінде, ҚР ТЖМ қажеттіліктері үшін екі Ми-8АМТ тікұшағы құрастырылды. 2021 жылы ҚР ТЖМ мен Ұлттық ұлан үшін тағы алты тікұшақ шығару жоспарлануда;

- «Steel Manufacturing» ЖШС-де тапанша патрондарын өндіру бойынша желі іске қосылды (Қарағанды қ.). Зауыт Қазақстанда және ҰҚШҰ елдерінде қолданылатын стандарттар бойынша өнім шығара алады, сол арқылы Қазақстанның осы номенклатурадағы оқ-дәрілер импортына тәуелділігін болдырмайды. НАТО стандарттары бойынша түрлі атыс қаруларына арналған патрондарды өндіру мүмкіндігін кеңейту мақсатында кәсіпорынды жете жарақтандыру жоспарда бар.

Есепті кезеңде кәсіпорындардың жаңа өнім түрлерін игеруі есебінен азаматтық өндіріс саласында жаңа тапсырыстардың өсуі байқалды. Азаматтық мақсаттағы өнімді сатудан түскен табыс 2019 жылмен салыстырғанда 60%-ға артты.

Атап айтқанда, Компанияның кәсіпорындары коронавирустық инфекцияның таралуын жоюға бағытталған ұлттық іс-шараларға жұмылдырылды.

Пандемия жағдайында қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі Ұлттық Жоспар шеңберінде «Қазақстан ASELSAN Инжиниринг» ЖШС базасында өкпені жасанды желдету аппараттарының өндірісі ұйымдастырылды. 2020 жылы барлығы 1500 ӨЖЖ аппараты өндірілді, олар барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы 297 ауруханаға жеткізілді.

Тарихи тұрғыдан тыныс алу жабдығын өндіруге маманданған «Тыныс» АҚ 1190 бірлік мобилді ӨЖЖ аппараттарын шығарды. Туындаған шұғыл қажеттілікті өтеу үшін зауыт тәулік бойы үш ауысымдық жұмысқа ауыстырылды. Кәсіпорын медициналық маскалар өндірісін де жолға қойды. Сонымен қатар, «Тыныс» зауыты 2020 жылы мемлекеттік

тапсырманы іске асыру аясында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 1300-ден астам электр жетегі бар мүгедектер арбасын жеткізді.

«Қазақстан инжинирингтің» бірқатар еншілес кәсіпорындары – «ПАМЗ» АҚ, «С.М. Киров ат. зауыт» АҚ, «Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ, «Зенит» ОЗ» АҚ, «Мұнаймаш» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ адамдар мен автокөліктердің әртүрлі тұрақтау аймақтарына көшуі кезінде дезинфекциялауды қамтамасыз ету үшін арнайы тоннельдер мен тосқауылдар өндірісін ұйымдастырды.

Петропавл қаласындағы «С.М. Киров ат. зауыт» АҚ-да Zik computers брендімен қазақстандық компьютерлік техниканы өндіру бойынша жоба іске қосылды. 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап Microsoft компаниясы мен «С.М. Киров ат. зауыт» АҚ арасындағы Windows 10 Pro операциялық жүйесімен техниканы жабдықтау туралы LDP-шарт күшіне енді. Өндірістің негіздері дәлдігі 5-сыныпты көп қабатты баспа платаларын өндіру желісі, SMD элементтерін беткі монтаждау желісі және конвейерлік құрастыру желісі болып табылады. Есепті кезеңде кәсіпорынмен 48,6 мыңнан астам компьютерлік техника жиынтығы (дербес компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер) жеткізілді.

Активтердің оңтайлы құрылымын қалыптастыру мақсатында «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ республикалық Жекешелендіру жоспары шеңберінде «Камаз-Инжиниринг» АҚ акциялар пакетін өткізді.

Пандемиялық шектеулерге қарамастан, Компания халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және шетелдік инвесторларды іздеуге күш салуды жалғастырды. 2020 жылғы тамызда Компанияның бірқатар кәсіпорындары «АРМИЯ-2020» халықаралық әскери-техникалық форумына (Ресей) қатысты, онда қазақстандық павильонның стендтерінде қару-жарақ пен әскери техника үлгілері қойылды. Форум қорытындысы бойынша қос мақсаттағы өнімдерді импорттау мен экспорттау, жалпы сомасы 6 млрд.теңгеден асатын бұйымдарды құрастыру, жөндеу және қызмет көрсету бойынша құзыреттерді беру бойынша бірқатар келісімшарттар мен келісімдерге қол қойылды.

Өткен жылы «Қазақстан инжиниринг» ұжымы үлкен жұмыс атқарды, оның нәтижелері кәсіпорындардың қызметінің тиімділігі мен кірістілігін арттыру үшін резервтері мен жеткілікті әлеуеті бар екенін көрсетеді. Біздің Компания менеджменті ретіндегі міндетіміз, бұл әлеуетті, бірінші кезекте, маркетинг, дамудың жаңа бағыттарын іздестіру, шығындарды



оңтайландыру және өзіндік құнды төмендету, активтердің оңтайлы құрылымын және борышты басқарудың теңгерімді саясатын қалыптастыру саласындағы жігерлі және теңгерімді шешімдер есебінен іске асыру.

Барлық зауыт жұмысшыларына, сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің басшылығына, Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне, барлық серіктестерімізге Компанияға ұдайы көңіл бөліп отырғанымыз үшін алғысымды білдіргім келеді.

Құрметпен,  
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ  
Басқарма Төрағасы  
М. Керейбаев

## 1. ЕСЕП ТУРАЛЫ

### Жылдық есепті құру қағидаттары

«Қазақстан инжинирнг» ҰК» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) 2020 жылғы жылдық есепті (бұдан әрі – Есеп) дайындады.

Есептің негізгі міндеті – мүдделі тараптарды Компания туралы хабардар ету, сондай-ақ ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес оның қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету.

Есепте Компанияның 2020 жылғы 01 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңдегі қызметінің қорытындылары көрсетілген.

Есепті дайындау барысында Компания келесі қағидаттарды ұстанды:

**Есептілік** – Компания стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету, ұзақ мерзімді құнның өсуі және ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін Жалғыз акционер алдында өзінің есеп берушілігін сезінеді.

**Ашықтық** – Компания кездесулерге, талқылауларға және диалогқа ашық, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара мүдделерді есепке алуға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға ұмтылады және есепті мүдделі тараптардың кең ауқымына түсінікті және қолжетімді етуге бағытталған.

**Теңгерімділік** – Есеп Компания қызметінің оң да, теріс те барлық аспектілерін көрсетеді.

**Дәлдік пен сенімділік** – Есепте ұсынылған ақпарат құжатталған деректер негізінде жиналады. Қаржылық-экономикалық қызметке қатысты есептің бөлімдерін дайындау кезінде ХҚЕС сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептер пайдаланылды.

**Адам құқықтарын сақтау** - Компания қызметкерлері оның басты құндылығы және негізгі ресурсы болып табылады.

**Уақтылығы** – Есепті дайындау жоспарлы сипатта болады.

Есеп сыртқы тәуелсіз куәландырудан өтпейді, алайда Компания сыртқы тәуелсіз растауды жүргізу болашақта Компания тобы қызметінің ұсынылған нәтижелерінің толықтығын, теңгерімділігін, анықтығын

арттыруға, сондай-ақ мүдделі тараптардың талаптарына жауап беруге мүмкіндік беретінін түсінеді.

Есеп компанияның корпоративтік web-сайтында ([www.ke.kz](http://www.ke.kz)) электрондық нұсқасын орналастыра отырып, мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалды.

Есептің электрондық жеткізгіштердегі көшірмелері мүдделі тараптарға ұсынылуы мүмкін.

### **Есептің шекаралары**

Есептің құрылымы Компания қызметінің келесі салалар бойынша сипаттамасын қамтиды: корпоративтік басқару, қаржы-шаруашылық қызмет, тәуекелдерді басқару, тұрақты даму саласындағы басқару, персоналды басқару.

Қаржылық көрсеткіштер акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Компанияға (бұдан әрі – еншілес ұйымдар) тиесілі еншілес ұйымдар бойынша ашылды.

## 2. ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

### САЛАҒА ШОЛУ


#### Машина жасаудағы өндіріс көлемінің серпіні

Машина жасау бүкіл әлемде ұлттық өнеркәсіптің технологиялық деңгейінің көрсеткіші ретінде қабылданады. Бұл сала сабақтас салалардың дамуы үшін мультипликативтік әсер береді, халықтың жұмыспен қамтылуын бірнеше есе арттырады және сол арқылы экономиканың жалпы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының машина жасау өнімдерін өндіру көлемі 2020 жылғы қаңтар-қарашада 1 573 млрд. теңгені<sup>1</sup> құрады. Ақшалай мәнде өндіріс көлемі 2019 жылғы ұқсас көрсеткішке қарағанда 33%-ға, ал нақты мәнде 16,4%-ға өсті.

Өндіріс көлемі өсуінің оң серпіні мынадай секторларда байқалады: автомобиль жасау, электр жабдығы, басқа санаттарға енгізілмеген өзге де көлік құралдары, машиналар мен жабдықтар. Өсім басымырақ автомобильдерге сұранысты ынталандыру және жүк вагондары мен локомотивтер өндірісі бойынша тапсырыстарды қамтамасыз ету есебінен қамтамасыз етілді. Алайда, COVID-19 таралуының салдары және сатып алу көлемінің төмендеуі келесі секторларға әсер етті: компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі және сәйкесінше жөндеу және орнату.

**Машина жасау өндірісі көлемінің динамикасы  
2016-2020 ж. (млрд. тг)**




<sup>1</sup> Дереккөз: «QAZINDUSTRY» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ дайджесті

### Машина жасау өнімдерінің экспорты мен импорты


Машина жасау өнімдерінің экспорты 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 14,5%-ға артып, 1 318 млн. АҚШ долл. құрады. Экспорттың негізгі елдері: Ресей, Нидерланды, Өзбекстан.

**Машина жасау өнімдері экспортының динамикасы  
2016-2020 ж. (млн. АҚШ долл.)**



Машина жасау өнімдері импортының көлемі 2020 жылы 2,1%-ға артып 17 343 млн. АҚШ долл. құрады. Негізгі импорттаушы елдер: Оңтүстік Корея, Ресей, Қытай.

**Машина жасау өнімдері импортының серпіні  
2016-2020 ж. (млн. АҚШ долл.)**



### КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (Kazakhstan Engineering) «Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 қаулысына сәйкес қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарын және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери зауыттарын Компанияның құрамына енгізу арқылы Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсіп кешенін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында құрылған.

2006 жылдың қазанында Компания акцияларының мемлекеттік пакеті (100%) «Самұрық» Холдингі» АҚ жарғылық капиталын төлеуге берілді.

2009 жылдың қыркүйегінде Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне сенімгерлік басқаруға берілді.

2010 жылдың маусымында Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында, Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне сенімгерлік басқаруға берілді.

2016 жылдың желтоқсанында Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне сенімгерлік басқаруға берілді.

«Қазақстан инжиниринг (Kazakhstan Engineering)» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 03 шілдедегі № 405 қаулысына сәйкес Компания акцияларының пакеті мемлекеттік меншікке берілді, оның иелену және пайдалану құқығы ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына сәйкес Компания акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне берілді.

Компанияның жарияланған және орналастырылған акцияларының жалпы саны, оның ішінде:

- жай акциялар - 57 149 405 дана;
- артықшылықты акциялар – жоқ.

Бір акцияның атаулы құны – 1 000 теңге.

## **БИЗНЕС-МОДЕЛЬ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ**

Компания арнайы және азаматтық өнімдерді, сондай-ақ қос мақсаттағы өнімдерді шығаруға маманданған ірі машина жасау кәсіпорындарында бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық

саясатты қамтамасыз етуге арналған холдингтік құрылым болып табылады.

Компания ҚР Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қажеттіліктерін барынша қамтамасыз етуге ұмтылады, сондай-ақ ҚР Машина жасауды дамыту саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысады.

Компанияның қызметі «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның ҚР мемлекеттік қорғаныс тапсырысын атқаратын ҚР қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің негізгі бөлігі ретіндегі және бизнесті дамыту мен пайда алуды мақсат тұтатын коммерциялық компания ретіндегі екі рөлі арасындағы ашықтық пен теңгерімді ұстап тұруға бағытталған.

Компания ҚР ҚӨК-тің негізгі өкілі және МҚТ орындаушысы бола отырып, «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Заңды, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қайта жарақтандыру және қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту тұжырымдамасын басшылыққа алады, қорғаныс өнеркәсібі және машина жасау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады.

Компаниядағы стратегиялық жоспарлау мемлекеттік жоспарлау жүйесінің талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. Компанияның 2020 - 2029 жылдарға арналған даму стратегиясы (бұдан әрі – Даму стратегиясы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 969 қаулысымен бекітілген.

Даму стратегиясы ел дамуының «Қазақстан – 2050» стратегиясы» ұзақ мерзімді пайымына, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына, индустриялық-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және өзге де салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келеді.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Даму стратегиясы келесі даму мақсаттарын қояды:

- өндірісті оқшаулау және жоғары технологиялық өнім шығару арқылы өндірісті әртараптандыру;
- ҒЗТКЖ-ға инвестициялар арқылы инновацияларды дамыту;
- операциялық тиімділікті арттыру арқылы өндірістің өзіндік құнын төмендету;
- сандық технологиялар арқылы ұйымдастырушылық басқаруды жақсарту;
- тиімді кадр саясаты мен мемлекетпен өзара іс-қимылдың арқасында орнықты даму.

**«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерінің құрылымы (2020 ж. 31.12 жағдайы бойынша)**

№	Ұйымның атауы	Қызмет түрлері
<b>Еншілес ұйымдар (акциялардың/қатысу үлестерінің 50%-дан астамын иелену)</b>		
1.	«ҚИ 811 автожөндеу зауыты» АҚ	1976 жылдың 01 шілдесінде Ерейментау қ. құрылған. Жүк автомобиль және шынжыр табанды техниканы, қозғалтқыштар мен агрегаттарды күрделі жөндеуге, жаңғыртуға, қайта жабдықтауға және сервистік қызмет көрсетуге маманданған. ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.
2.	«Семей инжиниринг» АҚ	«Бронетанк жөндеу зауыты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру жолымен 1976 жылғы 02 шілдеде құрылды. Бронетанктік техниканы күрделі жөндеу және жаңғырту бойынша жұмыстар мен қызметтерді жүргізетін Орталық Азия өңіріндегі жалғыз мамандандырылған ұйым болып табылады. Қару-жарақ пен әскери техниканы күрделі жөндеу мен жаңғыртуға және конверсиялық техниканы дайындауға маманданған. ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.
3.	«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	1948 жылдың 05 қарашада КСРО Министрлер Кеңесінің №4137-1658 қаулысына сәйкес Қазақстанның солтүстігінде машина жасау кәсіпорнын салу туралы шешім қабылданды. Зауыт барлық технологиялық бөліністерімен қамтылған көп бейінді өндірістік қуаттары бар, мұнай-газ, энергетика және темір жол жабдықтарын жетекші қазақстандық өндірушілердің бірі болып табылады. Арнайы өнімдер, мұнай-газ жабдықтары, мұнай-газ өңдеуге арналған жабдықтар, энергетикалық және химиялық өндіріс, теміржол жабдықтары өндірісі жолға қойылды. ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.
4.	«С.М.Киров атындағы зауыты» АҚ	1928 жылы радиоаппаратура өндірісі мамандануымен құрылған. 1941 жылы зауыт Петропавл қаласына көшірілді. Зауыттың негізгі қызметі жобалау және өндіру, монтаждау, іске қосу-жөндеу жұмыстары, байланыс құралдарына, теміржол автоматикасына, күш құрылымдарының, теміржол көлігінің, мұнай-газ кешенінің мұқтаждарына арналған қауіпсіздік жүйелеріне, цифрлық теледидар мен арнайы құралдарға сервистік қызмет көрсету және жөндеу болып табылады.



		Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.
5.	«Семей машина жасау зауыты» АҚ	1969 жылы КСРО Қорғаныс өнеркәсібі министрлігінің бұйрығына сәйкес Рубцовск машина жасау зауытының филиалы ретінде құрылған. Өндірістік қуаттар шынжыр табанды транспортер-тартқыштар мен олардың қосалқы бөлшектерін, тіркеме техникасын, темір жол саласына арналған өнімдерді дайындауға бағытталған. ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.
6.	«Тыныс» АҚ	Бұрын «Оттегі-тыныс алу аппаратурасы зауыты» ретінде танымал «Тыныс» АҚ 1959 жылы құрылған. Авиациялық бұйымдардың кең тізбесін шығару жөніндегі жалғыз кәсіпорын (калькоұстаушы) болып табылады. Өндірістік қуаттар авиатехниканың әр түрлеріне арналған мамандандырылған бұйымдарды, қорғаныстың әр түрлі кластарындағы бронезилеттерді, ПЭ-құбырларды, өрт сөндіргіштерді, газдандырылатын үлгілер бойынша құюды, геотекстильдерді өндіруге бағытталған. ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.
7.	«С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	1942 жылы Махачкала қаласынан көшірілген №182 зауыт негізінде (қазір «Дагдизель» зауыты) құрылған. Зауыттың өндірістік қуаттары суасты қаруларын жаңғыртуға, қалпына келтіруге жөндеуге; кеме гидравликасын және кеме қазандықтарының жану автоматикасын, темір жол саласына арналған қосалқы бөлшектерді, тау-кен өндіру өнеркәсібі мен мұнай-газ кешеніне арналған бұйымдарды өндіруге; жалпы өнеркәсіптік мақсаттағы машина жасау өнімдерін өндіруге бағытталған. Аккредиттелген санитарлық-өнеркәсіптік және метрологиялық зертханалары, сынақ орталығы, конструкторлық-технологиялық бюросы бар. ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.
8.	«Орал «Зенит» зауыты» АҚ	1941 жылы Ленинградтан көшірілген «Двигатель» зауытының негізінде құрылған. Қызметтің негізгі түрі – катерлер мен кемелер құрылысы, бұл Қазақстан Республикасында кеме жасаудың пайда болуының бастауы болды. Бұл зауытта тиісті техникалық және өндірістік мүмкіндіктердің, зияткерлік және кадрлық әлеуеттің болуы арқасында мүмкін болды. Осы уақытта катерлер мен кемелердің сериялық өндірісі игерілді. Шығарылатын өнімдер: - кеме жасау; - мұнай-газ кешеніне арналған өнім; - машина жасаудың өзге де өнімдері.

		ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.
9.	«Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ	1972 жылы Орал қаласында КСРО Кеме жасау өнеркәсібі министрлігінің «Гидроаспап» Ленинградтық орталық ҒЗИ-дың Орал филиалы ретінде «К.Ворошилов атындағы машина жасау зауыты» арнайы конструкторлық бюросының базасында су астында қолданылатын робототехникалық құралдарды зерттеу, әзірлеу және өндіру үшін құрылған. Қазіргі уақытта «Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ қызметінің бағыттары кеме жасау, мобильді робототехника саласындағы зерттеулерге, жобалауға, өндіруге және инжинирингке, сондай-ақ мұнай-газ секторына арналған жабдықтар өндірісіне шоғырланған. ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.
10.	«Мұнаймаш» АҚ	1941 жылдың қараша айында Петропавл қаласына көшірілген Таганрог «Красный гидропресс» зауытының негізінде құрылған. Мұнай-газ кешені өнімдерін шығаруға маманданған (терең штангалық сорғылар және олардың жиынтықтаушылары). Өнімдер түпнұсқа технология бойынша шығарылады және жоғары дәлдікке, агрессивті сұйық және газ орталарына коррозияға қарсы тұрақтылыққа, тозуға төзімділікке ие. Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілді және жұмыс істейді
11.	«Қазтехнологиялар» АҚ	1947 жылы «Союзмелиовзрыв» жарылыс жұмыстары бойынша бүкілодақтық тресттің қазақстандық кеңсесі ретінде құрылған. Қызметінің негізгі бағыттары атыс қаруына арналған патрондарды өндіру; босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (көдеге жарату, көму) және қайта өңдеу; жарылғыш материалдарды сақтау; негізгі қызмет түрлері бойынша өнімдер мен өндірістер құру бойынша ҒЗТКЖ жүргізу болып табылады. Қоғамның қызметті жүзеге асыру үшін барлық қажетті лицензиялары бар
12.	«Қазақстан инжиниринг R&D орталығы» ЖШС	«Қару-жарақты басқару жүйесін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС негізінде құрылған және ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелген; оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын; монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдарды, жабдықтарды әзірлеу мен өндіруді, жөндеуді жүргізуге лицензиялар алынған.

		Ауқымды нарық пен сұраныстың өсуіне байланысты Engineering, procurement and construction (инжиниринг, жабдықтау және құрылыс) келісім-шарттар форматында инжинирингтік бағытты дамыту туралы шешім қабылданды.
13.	«ҚазИнж Электроникс» ЖШС	1994 жылы «Сары-Шаған» полигонының ғылыми-техникалық кешенінің, одақтық бағыныстағы радиотехникалық бейіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың базасында құрылған. Кәсіпорын қызметінің аясына қару-жарақты, қос мақсаттағы өнімді жаңғырту және күрделі жөндеу, қазіргі заманғы байланыс құралдары мен радиоэлектроника бұйымдарын өндіру, компьютерлік жабдықтарды құрастыру өндірісі кіреді.
<b>Бірлесіп бақыланатын ұйымдар (қатысу үлесінің 50% иелену)</b>		
1.	«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС	2010 жылдың желтоқсанында құрылды. Жобаның мақсаты – Қазақстанда заманауи жоғары технологиялық тікұшақ экожүйесін дамыту. Тепе-тең негізінде құрылған «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС құрылтайшылары «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және EADS концернінің еншілес компаниясы – «Eurocopter» (Франция-Германия) болып табылады. Негізгі қызметтің түрлері болып табылады: - EC-145 тікұшақтарын құрастыру, сату, техникалық қызмет көрсету; - әлеуетті тапсырыс берушілердің ұшу және техникалық құрамын оқыту. Механикалық тораптарға қызмет көрсету, табақ металл бұйымдарын жөндеу, электр жабдықтарын және борттық радиоэлектрониканы жөндеу, композиттік материалдар мен қалақтардан жасалған бұйымдарды жөндеу шеберханаларымен, қозғалтқыштарды, гидравликалық жабдықтарды жөндеу шеберханаларымен жабдықталған.
2.	«Талес Қазақстан Инжиниринг» ЖШС	2009 жылы «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ және «Thales» француз компаниясымен тепе-тең негізінде құрылған. Электрондық жабдықты, жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындау және қызмет көрсету; радиокоммуникациялық жабдықты дайындау және қызмет көрсету.
3.	«Қазақстандық авиациялық индустриясы» ЖШС	Жобаны іске асыру үшін 2012 жылғы 24 шілдеде құрылды, 2016 жылғы 14 қыркүйекте пайдалануға берілді. Қызметінің негізгі бағыттары: әуе ұшу аппараттарын өндіру, оның ішінде әуе кемелерін күрделі жөндеу және жаңғырту, ұшқышсыз ұшу аппараттарын құрастыру. 2017 жылы техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге, жаңғыртуға, пысықтауға, авиациялық техниканы, қосалқы бөлшектерді, жабдықтарды, жинақтаушы

		бұйымдар мен оларға арналған аспаптарды жеткізуге қатысты сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001-2016 ҚР СТ талаптарына сәйкестік сертификаты алынды.
4.	«Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС	2011 жылдың 18 сәуірінде құрылған. Құрылтайшылары: «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (50%), «ASELSAN» түрік компаниясы (49%) және Түркияның Қорғаныс өнеркәсібі комитеті (1%) болып табылады. Қызметі электронды-оптикалық аспаптар (түнгі және күндізгі көру аспаптары, тепловизорлар, оптикалық көздегіштер және т.б.) өндірісі болып табылады. Сондай-ақ, кәсіпорын техникалық қолдауды, техникалық қызмет көрсетуді, қызметкерлерді және ҒЗТҚЖ оқытуды жүзеге асырады. Авиацияда, қоршаған ортада, кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықта ISO9001:2008, ISO14001, AGAP-160, AGAP-2110, OHSAS18001, AS9100 менеджмент және сапа жүйелері енгізілді және жұмыс істейді.
<b>Тәуелді ұйымдар (акциялардың/қатысу үлесінің 50%-дан кемін иелену)</b>		
1.	«ЗИКСТО» АҚ	Жүк теміржол вагондарын жөндеу, элементтерін ауыстыра отырып доңғалақ жұптарын жөндеу
2.	«Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС	Компания тобы кәсіпорындарының шығарылатын өнімдерін сату, инвестицияларды тарту, жабдықтарды жеткізуге арналған мемлекеттік бағдарламалар мен тендерлерге қатысу
3.	«Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Радиолокациялық станцияларды, радиоэлектрондық күрес және радиоэлектрондық барлау жүйелерін өндіру және оларға қызмет көрсету.
4.	«Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС	Инжинирингтік қызмет көрсету («Singapore Technologies Engineering» бірлескен кәсіпорны)
5.	«Спецмаш Астана» ЖШС	Темір жол, мұнай-газ және энергетика салалары үшін қосалқы бөлшектерінің әр бөлшегін өндіру және жөндеу.

### Еншілес ұйымдар қызметінің операциялық және қаржылық көрсеткіштері

ЕҰ атауы	Өнімді сатудан түскен кіріс (мың теңге)	Қаржылық нәтиже (мың теңге)	Еңбек өнімділігі (мың теңге/адам)	Қызметкерлер саны (адам)
Корпоративтік орталық*	64 447 100	1 195 052	749 385	86
«Тыныс» АҚ	6 269 306	216 429	8 541	734
«ПАМЗ» АҚ	1 702 628	-1 304 442	1 915	889
«С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ	17 745 405	466 785	31 916	556
«Зенит» ОЗ» АҚ	4 737 888	50 821	5 871	807
«Мұнаймаш» АҚ**	3 209 997	129 922	22 292	144
«Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ	527 802	31 814	4 291	123

«Семей инжиниринг» АҚ	11 581 349	1 422 600	31 730	365
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	1 793 247	-604 024	10 189	176
«С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	3 364 872	665 740	10 750	313
«Қазақстан инжиниринг 811 автожөндеу зауыты» АҚ	845 723	22 786	6 932	122
«ҚИ R&D орталығы» ЖШС	130 407	2 662	13 041	10
«Қазтехнологиялар» АҚ	776 531	-167 571	3 595	216
«ҚазИнж Электроникс» ЖШС	72 182	229 046	9 023	8

*\*Корпоративтік орталықтың кірістері КО арқылы жасалған шарттар бойынша ЕҰ кірістерін ескере отырып көрсетілген*

*\*\* «Мұнаймаш» АҚ бойынша жиынтық пайда азшылық үлесі шегерілгенге дейін көрсетілген*

## **ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ**

2020 жыл «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ үшін түрлі қызмет салаларында бірқатар оқиғалармен есте қалды.

### **Жалпы корпоративтік оқиғалар**

- 2020 жылғы мамырда «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарма төрағасы болып Сәрсембаев Әділбек Зейноллаұлы тағайындалды. Бұрын осы лауазымды атқарған Қ. Бишімов басқа жұмысқа ауысуына байланысты қызметінен босатылды.

- 2020 жылғы қарашада Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында «Steel Manufacturing» ЖШС-нің патрон зауытының өндірістік қуаттарымен танысты. Сапар аясында Компанияның Басқарма төрағасы Ә.Сәрсембаев Президентті «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ даму перспективалары туралы хабардар етті.

- 2020 жылы «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ, «Вертолеты России» холдингі және «№405 авиажөндеу зауыты» АҚ арасында үшжақты келісімшарт шеңберінде екі Ми-8АМТ тікұшағын құрастыру және мемлекеттік тапсырыс беруші болған ҚР ТЖМ-ге тапсыру жүзеге асырылды.

### **Еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметі**

- 2020 жылғы 29 қаңтарда Нұр-сұлтан қаласында Компанияның бірқатар кәсіпорындары теміржол өнімдерін оқшаулау және өндіру деңгейін арттыру мәселелері бойынша кеңейтілген кеңеске қатысты. Кеңес аясында «ПЗТМ» АҚ мен «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ Қазақстан аумағында магистральдық және маневрлік локомотивтерге арналған резервуарларды өндіру бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

- 2020 жылғы 19 ақпанда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Қ. Бишімов және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е. Әукенов «Мүгедек адамдарды электр жетегі бар кресло-арбалармен қамтамасыз ету» мемлекеттік тапсырмасын іске асыру бойынша шартқа қол қойды. Жоба дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қажеттілігін қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Мемлекеттік тапсырманы

орындаушы – «Тыныс» АҚ – 1 381 бірлік көлемінде кресло-арбаларды жеткізуді жүзеге асырды.

- 2020 жылғы 21 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы А.Есімов «ПАМЗ» АҚ мен «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ-да болып, негізгі өндіріспен, шығарылатын және перспективалы өнімдермен танысты. Сапар қорытындысы бойынша «ПАМЗ» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ («Oil Services Company» ЖШС, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ) еншілес кәсіпорындары арасында жалпы сомасы 2 млрд.теңгеден астам арнайы техниканы жеткізу бойынша ұзақ мерзімді шарттарға қол қойылды.

Сонымен қатар, «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарымен («ӘТЖК» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» АҚ) жалпы сомасы 6 млрд.теңгеден асатын ұзақ мерзімді келісімдерге, оның ішінде «Конвой-П» күзет сигнализациясы жүйесінің өндірісін игеруге, темір жолдарға арналған жабдықтарды жеткізуге және сервистік қызмет көрсетуге оффтейк-шартқа қол қойылды.

- 2020 жылғы 28 ақпанда «Samruk Business Forum» шеңберінде «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Қ. Бишімов және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Басқарма төрағасының орынбасары А.Пірметов жалпы сомасы 13 млрд. теңгеге ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

- 2020 жылғы 5 мамырда Қарағанды облысында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Мамин Қазақстандық патрон зауытының атыс оқ-дәрілерін өндірудің бірінші кезегін іске қосты. Жобаны «Steel Manufacturing» ЖШС жүзеге асырады. Жоба Қазақстанда және ҰҚШҰ елдерінде қолданылатын стандарттар бойынша өнім шығаруға, сол арқылы Қазақстанның осы номенклатурадағы оқ-дәрілер импортына тәуелділігін болдырмауға мүмкіндік береді. НАТО стандарттары бойынша патрондарды өндіру мүмкіндігін кеңейту мақсатында кәсіпорынды қосымша жарақтандыру жоспарда бар.

- 2020 жылғы 14 мамырда Орал қаласында «Зенит» зауытының стапельдерінде салынған жүзбелі айлақты суға түсірудің салтанатты рәсімі өтті. Маневрлік орналасу пункті ҚР ҰҚК Шекара қызметінің жағалау күзеті үшін дайындалған. Ол 800 тоннаға дейінгі су сыйымдылығы бар кемелерді, катерлерді және кемелерді арқандап байлауға, тұрақтауға, оларға қызмет көрсетуге, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге арналған.

«Орал «Зенит» зауыты» АҚ, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ӨТК үшін қосалқы (көпфункционалды) кеме жасау» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

- 2020 жылғы 13 тамызда «С.М. Киров атындағы зауыт» негізінде шетелдік «Great Wall» және «Microsoft» серіктестерімен бірлесіп, кейіннен кезең-кезеңмен оқшаулай отырып, компьютерлік жабдықтардың кең желісін игеру басталды. Компьютерлік техника Zik computers брендімен шығарылады.

Өндірістің негіздері дәлдігі 5-сыныпты көп қабатты баспа платаларын өндіру желісі, SMD элементтерін беткі монтаждау желісі және конвейерлік құрастыру желісі болып табылады.

Зауыт өнімі «Сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізіліміне» енгізілген, бұл мүдделі мемлекеттік органдарға біліктілік іріктеуден өткен өнім берушілер арасында өткізілетін Мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы отандық кәсіпорынның компьютерлік техникасын сатып алуға мүмкіндік береді.

Есепті кезеңде кәсіпорын жалпы сомасы 6,65 млрд.теңгеге 48,6 мыңнан астам компьютерлік техника жиынтығын (дербес компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер) жеткізді.

- «Қазақстан ASELSAN Инжиниринг» ЖШС-де коронавирустық инфекция пандемиясы жағдайында қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі Ұлттық жоспарды орындау шеңберінде «BIOVENT» ӨЖЖ заманауи стационарлық аппараттарының өндірісі игерілді. Серіктестіктің серіктесі түрік компанияларының консорциумы (ASELSAN, Biosys, Bilkent, Arcilik) болып табылады.

«BIOVENT» ӨЖЖ зияткерлік қауіпсіздік жүйесі мен ыңғайлы интерфейске ие. Құрылғы әртүрлі пациенттер тобымен үйлесімді, жетілдірілген адаптивті бақылау алгоритмдерін қолданады.

2020 жылы Серіктестік «ҚР Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» ҚР Үкіметінің 23.07.2020ж. № 466 қаулысының негізінде еліміздің медициналық мекемелеріне 1 500 бірлік ӨЖЖ аппаратын жеткізуді жүзеге асырды.

- «Тыныс» АҚ ҚР Үкіметінің «ҚР Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» 27.05.2020ж. № 325 қаулысына сәйкес облыстық денсаулық сақтау басқармалары үшін 500 «Көкшетау-4П» ӨЖЖ аппаратын жеткізіп беруді қамтамасыз етті.

- Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы (МӨЗ) шеңберінде «ПАМЗ» АҚ-да «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері



үшін дүркіндетіп атудың зымыран кешенін құру» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

- «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ радиоэлектрондық күрес (РЭК) және радиоэлектрондық барлау (РЭБ) құралдарын: «Гроза-С» ПҰА, «Пегас» РЭК, «Слухач» РЭК, «Орлан» РЭК, РЭБ Р-300с3, РЭБ «Пост Р-300С-4» өндіруді және сервистік қызмет көрсетуді ұйымдастырды.

- «ҚИ 811 автожөндеу зауыты» АҚ негізінде понтонды-көпір паркі жиынтығында КрАЗ-дан КамАЗ-ға базалық шассиді ауыстыру жолымен өзен буынын тасымалдау автомобилін жаңғырту жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, ҚР Қарулы Күштерін қаруландыруға қабылдай отырып, ауыр механикаландырылған көпір жиынтығынан (ТММ-3) көпір құрылымы бар жаңғыртылған көпір салғыштың тәжірибелік әскери сынақтары жүргізілді.

### **Халықаралық ынтымақтастық**

- 2020 жылғы тамызда Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары «АРМИЯ-2020» халықаралық әскери-техникалық форумында (Ресей) біріккен ұлттық павильонды ұсынды.

Павильонның стендтеріне «С.М.Киров атындағы зауыты» АҚ-ның, «С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ-ның, «Тыныс» АҚ-ның, «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС-нің, «Семей инжиниринг» АҚ-ның, «Семей машина жасау зауыты» АҚ-ның қару-жарақ пен әскери техникасының үлгілері қойылды.

Форум жұмысының қорытындысы бойынша Компания кәсіпорындары қос мақсаттағы өнімдерді импорттау және экспорттау, оны құрастыру, сондай-ақ күрделі жөндеу және жалпы сомасы 6 млрд.теңгеден асатын бұйымдарға қызмет көрсету бойынша бірқатар келісімшарттарға, келісімдерге, шарттарға қол қойды.

Атап айтқанда, «Тыныс» АҚ «Авиахэлп» АҚ және «НАРЗ» АҚ-мен жиынтықтаушы авиациялық бұйымдарды сатып алуға арналған шарттарға қол қойды. КА-226 тікұшақтары үшін құрауыштарды жеткізуді ұлғайту туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді. «Қазан тікұшақ зауыты» «Тыныс» АҚ-ның «АНСАТ» үлгісіндегі тікұшаққа арналған жылыту жүйесін әзірлеуге қатысуын растады. Үндістан мен Иран «Тыныс» зауытынан авиациялық жинақтаушы бұйымдарды жеткізуге қызығушылық танытты.

«Семей инжиниринг» «НПК «Уралвагонзавод» АҚ-мен келісімшартқа қол қойды. Сондай-ақ, тараптар Т-72Б танкін Т-72Б3 деңгейіне дейін жаңғырту жобасы бойынша жұмысты жалғастыруға келісті.

«Индустрия 4.0» элементтерін цифрландыру және енгізу шеңберінде «ЦСР «Проект-техника» АҚ-мен «Семей инжиниринг» АҚ жөндеу өндірісін басқаруды автоматтандыру міндеттеріне GRAFIT бағдарламалық-аппараттық кешенін бейімдеуге арналған техникалық тапсырмаға қол қойылды.

«Семей инжиниринг» АҚ және «Высокоточные комплексы» ҰЕҰ» АҚ одан әрі ҚР Қорғаныс министрлігіне бекіту үшін «Бережок» жауынгерлік бөлімшесімен жаңғыртылған БМП-2 демонстрациялық сынақтар бағдарламасына қол қойды.

«С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ «Рособоронэкспортпен» 2021-2022 жылдарға арналған бұйымдарды қалпына келтіру жөндеу келісімшартын жасасты.

«Тыныс» АҚ ҚР Үкіметінің Қырғызстан мен Тәжікстанға гуманитарлық көмек көрсетуі аясында 500 бірлік көлемінде «Көкшетау-4П» ӨЖЖ аппараттарын жеткізуді жүзеге асырды.

2020 жылдың 29 желтоқсанында «Қазақстан инжиниринг R&D орталығы» ЖШС Сарышаған полигонында «Полонез-М» дүркіндетіп атудың зымыран кешеніне сынақ жүргізуге «Завод точной электромеханики» ӨБӨП-пен (Беларусь) шарт жасасты.

## **ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР**

Компания тобының өнімін сатудан түскен табыс 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы, жоғары табысты «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС-нің еншілес ұйымдарының қатарынан шығуына қарамастан, 14%-ға өсті. Өсім мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға және азаматтық мақсаттағы өнім көлемінің ұлғаюына байланысты корпоративтік орталық пен бірқатар еншілес кәсіпорындар («Семей инжиниринг» АҚ, «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ) кірістерінің ұлғаюына байланысты.

Компания қызметінің нәтижелері бойынша 2020 жылы 463 906 мың теңге мөлшерінде таза кіріс алынды

Жалғыз акционер – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің шешімімен – таза кірістің 70%-ын құрайтын 324 734 200 теңге мөлшеріндегі сома акционерге дивидендтер төлеуге бағытталды

Еңбек өнімділігі 1 адамға 21 965 мың теңге деңгейінде қалыптасты.


ҚР машина жасау өнімдері өндірісінің жалпы көлеміндегі Компанияның үлесі 2020 жылы 6,35% деңгейінде қалыптасты.

### Компания тобы бойынша қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	2020	2019 жылға қарай 2020 жылдың серпіні
<b>Өнімді сатудан түскен кіріс</b> (млрд. теңге)	71	84	108	87,7	99,9	114%
<b>Активтер</b> (млрд. теңге)	84	75	83	121	143	118%
<b>Қаржылық нәтиже</b> (млрд. теңге) *	-3	-4	-2,6	-6,9	0,46	
<b>Еңбек өнімділігі</b> (мың теңге/адам) **	14478	17890	23935	20831	21965	105%

\* қаржылық нәтиже = ашылық үлесін шегергенге дейінгі таза кіріс

Қаржылық нәтиже көрсеткіштері (млрд. теңге)



2020 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының экспорт көлемі 7 007 млн.теңгені құрады. Негізгі экспорттаушылар «Тыныс» АҚ және «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ болды.




### Активтер

Шоғырландырылған активтер 2020 жылдың соңында 143 млрд. теңгені құрады. 2019 жылмен салыстырғанда активтердің өсуі 14%.

Активтер құрылымында ұзақ мерзімді активтер 59,8 млрд. теңгені немесе 42%-ды құрайды, оның ішінде негізгі құралдар 43,6 млрд. теңге немесе активтердің жалпы сомасының 30,5%-ы; бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар 7,16 млрд. теңге немесе 5%; өзге активтер 1,85 млрд. теңге.

Қысқа мерзімді активтер 83,3 млрд. теңгені немесе 58%-ды құрады, оның ішінде тауар-материалдық қорлар – 15,6 млрд. теңге немесе 11%, ақша қаражаты 30,7 млрд. теңге немесе 21,5%.

### Активтер (млрд. теңге)



## АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ

«Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысына сәйкес және Компанияның активтерін қайта құрылымдаудың 2020 жылға арналған жоспарын орындау шеңберінде акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) сату және компанияның 20 еншілес, бірлесіп бақыланатын және тәуелді ұйымдарын тарату көзделген, оның ішінде 15 актив сатылуға жатады және 5 актив таратылуға жатады.

### 2016 – 2020 жылдары өткізілген активтер

№	Активтің атауы
1.	«МБМ Кировец» ЖШС (49%)
2.	«КИ 832 Автожөндеу зауыты» АҚ (100%)
3.	«ЗПО Астра» ЖШС (50%)
4.	«№ 405 Авиажөндеу зауыты» АҚ (2,67%)
5.	«№ 406 ГА Авиажөндеу зауыты» АҚ (3,99%)
6.	«SMP Group» ЖШС (26%)
7.	«ЗИКСТО» АҚ (42,13%)
8.	«Қазақстандық авиациялық индустриясы» ЖШС (50%)
9.	«Омега АЖЗ» АҚ (100%)
10.	«КамАЗ Инжиниринг» АҚ (25%)
11.	«Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС (49%)

### 2016 – 2020 жылдары таратылған активтер

№	Активтің атауы
1.	«Камаз-Семей» ЖШС (49%)
2.	«Батыр инжиниринг» ЖШС (100%)
3.	«Қорғау инжиниринг» БК» ЖШС («Тыныс» АҚ арқылы 100%)

### Таратылу сатысындағы активтер

№	Активтің атауы
1.	«СП «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС (50%)
2.	«Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС (49%)
3.	«Спецмаш Астана» ЖШС (35%)
4.	«Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС (49%)

«Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29

желтоқсандағы № 908 қаулысына сәйкес Компанияның тоғыз активтерін сату көзделген:

- ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысынан бұрын сатылмаған үш актив – «Тыныс» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ көшірілді;
- ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысы алты жаңа активті сатуды көздейді: «Семей инжиниринг» АҚ, «Мұнаймаш» АҚ, «ПАМЗ» АҚ, «ҚИ 811 автожөндеу зауыты» АҚ, «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС (қатысу үлесінің 50%-ын сату), «Steel Manufacturing» ЖШС.

## **КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Компанияның Инвестициялық саясатына сәйкес, инвестициялық қызметтің мақсаты ұзақ мерзімді перспективада Компанияның құнын барынша арттыру болып табылады.

Инвестициялық саясаттың негізгі қағидаттары:

- инвестициялық шешімдер қабылдау процесінде стратегиялық мақсаттарды интеграциялау;
- инвестициялық шешімдер қабылдаған кезде инвестициялық бағалау құралдарын пайдалану;
- инвестициялық қызметті басқарған кезде жобалық басқару құралдарын және рәсімдерін пайдалану;
- бюджеттік бақылау мен Компанияның инвестициялық қызметінің нәтижесіне жауапты басшылардың басқару еркіндігі дәрежесінің теңгерімі;
- инвестициялық қызметтің нәтижелерін мониторингілеу, бағалау және талдау міндеттілігі.

Компанияның инвестициялық жобалары импортты алмастыру, ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету және экспортқа шығу шеңберінде қорғаныс, азаматтық мақсаттағы өнімдерді өндіруді кеңейту және сату жөніндегі мақсатқа қол жеткізуге бағытталған.

Жеке инвестициялық жобалар стратегиялық болып табылады және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қайта жарақтандыру және ҚӨК-ті дамыту Тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған.

### **3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

#### **КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның құрылтай және ішкі құжаттарына негізделеді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 07 желтоқсандағы № 207 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі Компанияның негізгі ішкі құжаттарының бірі болып табылады.

Компания корпоративтік басқаруды маңызды және мүдделі тараптарға әсер ететін жауапты даму мен шешім қабылдаудың маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырады. Компания өз қызметінде де, оның еншілес ұйымдарында да, корпоративтік басқарудың үздік практикаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді және өз қызметінің ашықтығын ұдайы арттыра отырып, осы саладағы халықаралық қағидаттар мен стандарттарға бағдарланады.

Бүгінгі таңда, Компания корпоративтік басқару жүйесін дамытуда елеулі жетістіктерге жетті. Осылайша, осы салада бірқатар маңызды бастамалар іске асырылды, сондай-ақ Компанияның және оның еншілес ұйымдарының жаңа ішкі құжаттары әзірленді және қолданыстағы ішкі құжаттары өзектілендірілді.

Компания мен еншілес (тәуелді) ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар Компанияның және оның еншілес (тәуелді) ұйымдарының тиісті органдары арқылы бекітілген корпоративтік рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

Үздік қағидаттар мен әлемдік тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру Компанияның басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, Компанияның корпоративтік басқару жүйесі қызметтің ашықтығын арттыруға, Жалғыз акционермен және инвесторлармен сенімді және тиімді қарым-қатынастарды құруға және сақтауға бағытталған және келесі қағидаттарға негізделеді:

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Компанияны Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқаруы;
- Компания қызметінің айқындығы және объективтілігі;
- заңдылық және этика;

- тиімді дивидендтік саясат;
- тиімді кадр саясаты;
- қоршаған ортаны қорғау;
- еңбек жағдайларының қауіпсіздігі;
- корпоративтік дауларды және мүдделер қайшылығын реттеу;
- жауапкершілік.

Әлемдік қоғамдастық мойындаған корпоративтік басқару қағидаттарына негізделген, Компанияның корпоративтік басқару кодексі Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің қағидаттарын айқындайтын және оның дамуын көрсететін негізгі құжаттардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысына сәйкес Компания еншілес ұйымдар үшін 2019 жылғы 20 қыркүйектегі таза кірістің 50% мөлшерінде дивидендтер төлеуді қамтамасыз ететін дивидендтік саясатты бекітті.



**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ****ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компанияның қызметіне жалпы басшылықты Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі өз өкілеттігін Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарына, Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің қызметі парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адал ниеттілік, адалдық, жауапкершілік, дәлдік, кәсібилік, объективтілік және жүйелілік қағидаттарына негізделеді.

2020 жылы Директорлар кеңесінің мүшелері болғандар:

Талғат Жеңісұлы Жанжүменов	Директорлар кеңесінің Төрағасы, 2019 ж. тамыздан бастап
Бауыржан Қадырұлы Тортаев	Директорлар кеңесінің мүшесі, 2019 ж. тамыздан бастап
Қалымжан Уалханұлы Ибраимов	Директорлар кеңесінің мүшесі, 2018 ж. тамыздан бастап – 2020 ж. шілдеге дейін
Ербол Сабыржанұлы Ахметов	Директорлар кеңесінің мүшесі, 2020 ж. шілдеден бастап
Қуаныш Ердаулетұлы Бишімов	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы 2019 ж. тамыздан 2020 ж. сәуірге дейін
Әділбек Зейноллаұлы Сәрсембаев	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы 2020 ж. сәуірден бастап
Жанна Дачерқызы Егімбаева	Директорлар кеңесінің мүшесі, 2017 ж. маусымнан бастап
Владимир Яковлевич Бобров	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор 2017 ж. қаңтардан бастап
Ержан Әлшімбекұлы Төлеубеков	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, 2019 ж. тамыздан бастап
Серікжан Әміржанұлы Жакенов	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, 2019 ж. желтоқсаннан бастап

Еркебұлан Ілиясов	Сайдоллаұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, азаматтық қоғамнан өкіл 2020 ж. шілдеден бастап
----------------------	-------------	---

**2020 жылғы 31.12 жағдай бойынша****ТАЛҒАТ ЖЕҢІСҰЛЫ ЖАНЖҮМЕНОВ**

Директорлар кеңесінің Төрағасы,  
Қазақстан Республикасы Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму вице-министрі

**Туған күні:** 1968 ж.31.03

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:** Вольск жоғары әскери тыл училищесі (1989)  
  
Ресей Федерациясы ҚМ тыл және көлік әскери академиясы (1996-1999)  
  
Ресей Федерациясы Қарулы Күштері Бас Штабының әскери академиясы (2006-2008)

**Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:**

2019 ж. шілдеден	Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі
04.2019 – 07.2019 ж.	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі Бірінші вице-министрі
10.2016 – 04.2019 ж.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің орынбасары
06.2015 – 10.2016 ж.	ҚР Қауіпсіздік Кеңесі әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөлімінің меңгерушісі

Компания акцияларына, компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ



## **ЖАННА ДАЧЕРҚЫЗЫ ЕГІМБАЕВА**

Директорлар кеңесінің мүшесі,  
Жалғыз акционердің өкілі

**Туған күні:** 1953 ж. 12.05

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

### **Білімі:**

1980 жыл Талды-Қорған заң техникумы

1988 жыл С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті

### **Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:**

2016 жылдан бастап «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ  
Басқарма Төрағасының кеңесшісі

2011 - 2016 жылдар Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
Кеңсе Басшысының орынбасары

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен  
бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



## **БАУЫРЖАН ҚАДЫРҰЛЫ ТОРТАЕВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі,  
ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары

**Туған күні:** 1967 ж. 18.09

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:** С. Орджоникидзе атындағы Мәскеу мемлекеттік Еңбек Қызыл Ту орденді басқару Академиясы, инженер-экономист.

### **Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:**

2019 ж. сәуірден	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
04.2017 - 03.2019 ж.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы
2014 – 2017 жж.	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Компания акцияларына, компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

**ЕРБОЛ САБЫРЖАНҰЛЫ АХМЕТОВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі

**Туған күні:** 1980 ж. 12.07**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы**Білімі:**

С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті (2002),  
«Экономист-менеджер».

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, «Құқықтану»

**Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:**

2019 ж.бастап «ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Нұр-сұлтан қ. Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Департаменті» ММ басшысы

2016-2019 жж. ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



## **ӘДІЛБЕК ЗЕЙНОЛЛАҰЛЫ СӘРСЕМБАЕВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

**Туған күні:** 1978 ж. 25.08

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

### **Білімі:**

- Қазақ мемлекеттік заң академиясы, «Құқықтану»
- С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті, экономист-менеджер
- ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, «Мемлекеттік басқару».

### **Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:**

2020 ж.  
маусымнан

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма  
төрағасы

2016-2020 жж.

Нұр-сұлтан қаласы «Алматы» ауданының әкімі

Компания акцияларын, компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі: жоқ





## **ВЛАДИМИР ЯКОВЛЕВИЧ БОБРОВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

**Туған күні:** 1953 ж. 14.08

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

### **Білімі:**

1975 ж. Павлодар индустриалды институты,  
Мамандығы «Инженер-электрші»

### **Ғылыми атағы, дәрежесі:**

Техника ғылымдарының кандидаты. Доцент.

### **Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:**

2012-2016 жылдар Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты, Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары жөніндегі комитетінің мүшесі

2010-2011 жылдар Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ

**ЕРЖАН ӘЛШІМБЕКҰЛЫ ТӨЛЕУБЕКОВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі,  
Тәуелсіз директор

**Туған жылы:** 1969 ж. 01.02

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, мамандығы «Саяси экономия» (1986 - 1993 жж.) «Құқықтану», (1997 - 2000 жж.)

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:**

Бірқатар коммерциялық құрылымдарда басшылық қызметтер атқарған, атап айтқанда: «Цеснабанк» АҚ, «Alfa Propertis» АҚ, «Астана Капитал Инвест» АҚ, «Astana-Plat» ЖШС және т.б.

Компания акцияларына, компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

**СЕРІКЖАН ӘМІРЖАНҰЛЫ ЖАКЕНОВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор

**Туған күні:** 1949 ж. 08.10

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

Қарағанды политехникалық институты, «Машина жасау технологиясы» мамандығы

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:**

2009 ж. бастап                      Директор, «КарГорМаш-М» ЖШС кеңесшісі

2018 ж. қарашадан              Директорлар кеңесінің мүшесі,  
бастап                                  «Сарыарқа» ӘКК» АҚ тәуелсіз директоры.

Компания акцияларына, компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ



## **ЕРКЕБҰЛАН САЙДОЛЛАҰЛЫ ІЛИЯСОВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор, азаматтық қоғамның өкілі

**Туған күні:** 1985 ж. 23.10

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

### **Білімі:**

Алматы энергетика және байланыс институты,  
«Электр энергетикасы»

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:**

2016 ж. бастап «Alageum Group» ЖШС Бас директоры,  
Директорлар кеңесінің төрағасы

Компания акцияларына, компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

## **ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ**

Компанияның Директорлар кеңесі өз құзыретіне кіретін мәселелерді қарастыра отырып, ағымдағы міндеттерді шешуге назар аударды. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамаларында және шешімдерінде көрсетілген. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдайды және төтенше жағдайға байланысты шектеулерді ескере отырып, Директорлар кеңесінің отырыстары бейнеконференцияны қолдана отырып, аралас форматта өткізілді

Директорлар кеңесі 2020 жылы 13 отырыс өткізді, онда 83 мәселе қаралды.

### **Директорлар кеңесінің комитеттері**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына 1) - 4) тармақшаларда көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 27 тамыздағы шешімімен (№1 хаттама) Компанияда Директорлар кеңесінің үш комитеті құрылып, тұрақты негізде жұмыс істейді:

- Тағайындау және сыйақы комитеті;
- Аудит жөніндегі комитеті;
- Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеті.

<b>Комитет</b>	<b>Төраға</b>	<b>Мүшелер</b>
Тағайындау және сыйақы комитеті	В.Я. Бобров	Ж.Д. Егімбаева Е.Ә. Төлеубеков
Аудит жөніндегі комитеті	Е.А. Төлеубеков	В.Я. Бобров Б.Қ. Тортаев
Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеті	В.Я. Бобров	Б.Қ. Тортаев Е.Ә. Төлеубеков С.Ә. Жакенов

#### **Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті**

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша ұсынымдарды әзірлеу жолымен Компанияның Директорлар кеңесіне жәрдем көрсетеді; ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау; сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесі және т.б.

**Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті** тәуелсіз директорларға, Басқарма мүшелеріне, ішкі аудит қызметіне және корпоративтік хатшы аппаратына сыйақыларды тағайындау, төлеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлейді; Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Компанияның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер бойынша ұсынымдар береді және т.б.

**Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеті** Даму стратегиясы, Компанияның даму жоспарлары, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, активтерді басқару және т.б. мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлейді.

2020 жылы Компанияның Аудит жөніндегі комитетінің 8 отырысы, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 7 отырысы және Компанияның Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитетінің 9 отырысы өткізілді.

## **ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес, тәуелсіз директорлар – Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленеді және өз функцияларын орындауға байланысты шығыстар өтеледі. Сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Компанияның Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

Компанияда белгіленген тәртіпке сәйкес, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы тек қана:

- тиянақталған жылдық сыйақы;
- Компания Директорлар кеңесі комитеттерінің бетпе-бет отырыстарына қатысқаны үшін қосымша жылдық сыйақы.

Осыған қоса, сыйақы науқастануы себебі бойынша отырыстарда болмауын қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырыстарына (Бетпе-бет/Сырттай) қатысқан жағдайда төленетіндігін атап өткен жөн.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленген сыйақының жалпы сомасы 19 011 072,80 теңгені құрады.

## **ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

Компанияның Ішкі аудит қызметі 2007 жылы Компанияның Директорлар кеңесі шешімімен құрылды.

Компанияның Ішкі аудит қызметінің штат саны – 3 адам.

Ішкі аудит қызметі қызметінің негізгі мақсаты – тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Компания Директорлар кеңесіне ұсыну.

Ішкі аудит қызметінің қызметі Компанияның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен, Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі саясатпен және өзге де ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі.

Ішкі аудит қызметі тоқсан сайын Аудит жөніндегі комитеттің және Директорлар кеңесінің қарауына өз қызметі туралы есеп ұсынады

Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған Жылдық аудиторлық жұмыс жоспары Компанияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен бекітілген.

Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес, Ішкі аудит қызметі 2020 жылы «ПАМЗ» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» R&D орталығы» ЖШС, «Семей

инжиниринг» АҚ қызметіне байланысты және дебиторлық пен кредиторлық берешек, кінә қою мен талап қою жұмысы бойынша Компаниядағы бизнес-процестерді тексеруге, сондай-ақ Компанияның басшы қызметкерлерінің Компанияның ішкі бақылау жүйесі қызметінің негізгі көрсеткіштері мен тиімділігін бағалауға байланысты аудиторлық тапсырмалар орындалды.

### **КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыруды және Директорлар кеңесінің, Атқарушы органның Жалғыз акционермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жүктеледі.

Корпоративтік хатшы Компанияның органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын, сондай-ақ Компанияның корпоративтік басқару саласындағы заңнама ережелері мен нормаларын, Корпоративтік басқару шеңберінде Компанияның Жарғысы мен өзге де ішкі құжаттарының ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшының функциялары, мақсаттары мен міндеттері корпоративтік хатшы туралы Ережеде көзделген.

Осылайша, Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайды, Директорлар кеңесінің отырысына күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізуді бақылайды.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және дәл ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

### **КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫ**

Компанияның ағымдағы қызметін басқаруды алқалы атқарушы орган – Басқарма – жүзеге асырады, ол басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған Компания қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлау (тағайындау), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Компанияның Басқарма төрағасы мен мүшелері үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәнін бекіту Компанияның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған.



Басқарма Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Компанияның Басқармасы туралы ережеге және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етеді.

Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау қағидаты негізінде құрылады және Жалғыз акционер мен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне толық есеп береді.

Алдын ала қарау, алқалық шешімдерді қабылдау және жетекшілік ететін мәселелер бойынша Компания Басқармасына ұсынымдар дайындау мақсатында, басқарма жанынан консультативтік-кеңесші органдар - үш комитет пен бір комиссия құрылды:

<b>Тәуекелдер жөніндегі комитет</b>	Компанияның Тәуекелдерін басқару саласында шешімдер қабылдау; тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және қолдау; тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, қадағалауға және бақылауға арналған процестерді дамыту кезінде Компания Басқармасына жәрдем көрсетеді; сондай-ақ Компанияда және оның еншілес/тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты үйлестіруге бақылау жасау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді.
<b>Инвестициялық-инновациялық комитет</b>	Компания Басқармасына Компания мен оның кәсіпорындарының инвестициялық және инновациялық қызметінің тиімділігін арттыруда, сондай-ақ қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері бойынша бірыңғай саясатты қалыптастыруда жәрдем көрсетеді.
<b>Несие комитеті</b>	Кредиттерді (қарыздарды), қаржылық көмек пен кепілдіктерді беруге, Компанияның активтері мен пассивтерін басқаруға, ақша қаражатын тартумен және орналастырумен байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға, Компанияның кірістілігін арттыруға байланысты мәселелер бойынша уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды

**Бюджет комиссиясы**

қамтамасыз етуде Компания Басқармасына жәрдем көрсетеді.

Компанияның басқармасына еншілес және тәуелді ұйымдардың басқару органдарында бекітуге шығарылатын бюджеттер, инвестициялық жобаларды дамыту, жоспарлау және іске асыру жоспарлары бойынша компания өкілдерінің бірыңғай ұстанымын қалыптастыруда, сондай-ақ тиісті қаржы кезеңіне Компания бюджетінің жобасын уақтылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз етуде және оны түзету мен орындау бойынша ұсыныстар әзірлеуде көмек көрсетеді.

**БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ**

2020 жылғы 31.12 жағдай бойынша

**ӘДІЛБЕК ЗЕЙНОЛЛАҰЛЫ СӘРСЕМБАЕВ** (ақпарат «Директорлар кеңесінің құрамы» бөлімінде берілді)

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы



**МҰХТАР ЖҰМАҒАЗЫҰЛЫ  
КЕРЕЙБАЕВ**

Басқарма төрағасының орынбасары

**Туған күні:** 1964 ж.06.10.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

- Алматы теміржол көлігі инженерлері институты (1986), инженер-механик
- Қазақ гуманитарлық заң академиясы (2004), заңгер

**Соңғы бес жылдағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:**

2020 ж. маусымынан «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі, орынбасары

2016 - 2018 жж. Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Астана Эко-Полигон НС» ҚКК директоры

Компания акцияларын, компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі: жоқ



**САЛТАНАТ АМАНҒОСҚЫЗЫ ШОНАЕВА**  
Басқарма Төрағасының орынбасары

**Туған күні:** 1974 ж. 22.07.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы,  
Халықаралық валюта-қаржы қатынастары,  
халықаралық экономист

**Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:**

2020 ж маусымынан «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары

2018 - 2020 жж. «Қазақинвест» ҰК» АҚ Басқарушы директоры

2016 - 2017 жж. «Самұрық-Энерго» АҚ Жобалық кеңсесінің басшысы

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



**ҚУАНЫШ МҰСІМХАНҰЛЫ ҚИСЫҚОВ**  
Басқарма Төрағасының орынбасары

**Туған күні:** 1964 ж. 11.07.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

- КСРО МҚК Жоғары курстары, Ташкент қ. (1992), жоғары арнайы білімі бар офицер
- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (2000), Заң факультеті, Алматы қ., заңгер-құқықтанушы

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:**

2020 ж. тамыздан	«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
2019 – 2020 жж.	«Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі
2018 – 2019 жж.	«Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ жалпы мәселелер жөніндегі вице-президенті
2010 – 2018 жж.	ҚР Өзербайжандағы, Тәжікстандағы, Қырғызстандағы Елшілігінің кеңесшісі

Компания акцияларын, компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі: жоқ



## **ЛИ ДМИТРИЙ АЛЬБЕРТОВИЧ**

Басқарушы директор, Басқарма мүшесі

**Дата рождения:** 1977 ж. 09.07.

**Гражданство:** Республика Казахстан

**Білімі:** Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (1999), ұйымдастыру және басқару инженері;

Қарағанды қаржы институты (2005), қаржы бакалавры;

Назарбаев Университеті (2017), Жоғары бизнес мектебі Дьюк Университетімен бірлесіп, Фукуа бизнес мектебі (АҚШ), Астана қ., іскерлік әкімшілендіру магистрі

**Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:**

2020 ж. қазаннан «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі

2011 – 2019 жж. «Цеснабанк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарушы директор, атқарушы директор, Астана қ.

Владение акциями компании, акциями поставщиков и конкурентов компании: не владеет

## **БАСҚАРМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ**

2020 жылы Компания Басқармасының 48 отырысы өткізіліп, онда 140 мәселе қаралды.

Компания Басқармасының отырыстарында келесі мәселелерге ерекше назар аударылды:

- Компания Даму жоспарын, активтерін қайта құрылымдау бағдарламасын (жоспарын) әзірлеу, мақұлдау және Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару;

- Компанияның кейбір еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) иеліктен шығару;

- нәтижесінде құны Компания активтері құнының жалпы мөлшерінің он пайызынан кем болатын мүлікті Компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын жасасу туралы шешімдер қабылдау;

- Компанияның міндеттемесін оның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызынан кем болатын шамаға ұлғайту туралы шешімдер қабылдау;

- Компания қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;

- Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша материалдарды алдын ала қарау және мақұлдау.

Есепті кезеңде Басқармасы Компанияның алдына қойылған міндеттерді тиімді шешу үшін Жалғыз акционермен және корпоративтік қатынастардың барлық мүдделі тараптарымен белсенді өзара әрекеттесті.

## **БАСҚАРМАНЫҢ СЫЙАҚЫСЫ**

Басшы қызметкерлердің, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің, корпоративтік хатшының және оның аппараты қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу, сондай-ақ Компанияның басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу шарттары, тәртібі Компанияның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 19 қарашадағы шешімімен бекітілген аталған қызметкерлердің Бағалау ережесімен реттелген.

Қызмет нәтижелері бойынша сыйақылар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сыйақылар) қол жеткізген табыстары үшін материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс нәтижелеріне байланысты төленеді және тұрақты сипатта болмайды.

Басшы қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі мынадай кезеңдерден тұрады:

- уәждемелік қызметтің негізгі көрсеткіштерін таңдау (ҚНК), нысаналы мәндерді қою;
- уәждемелік ҚНК-ны бекіту;
- нәтижелілікті мониторингілеу;
- нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компанияның Басқарма мүшелеріне төленген сыйақының жалпы сомасы 79 529 454,96 теңгені құрады.

### **КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРМА ХАТШЫСЫ**

Басқарма хатшысы Компанияның қызметкері болып табылады және Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы шешімімен бекітілген Компания Жарғысы мен Басқарма туралы ереже негізінде әрекет етеді.

Басқарма хатшысының функцияларына жатады:

- Басқарманың жұмыс жоспарын әзірлеу, бекіту және мониторингілеу;
- Басқарманың жұмыс жоспарының орындалу барысы туралы есепті дайындау;
- Басқарма отырысының күн тәртібін және Басқарма отырысының күн тәртібіне сәйкес материалдарды қалыптастыру;
- Компания Басқармасының шешімдерін рәсімдеу;
- Басқарма отырысына материалдардың уақтылы ұсынылуын және олардың толықтығын бақылау;
- Басқарма шешімдерінің орындалуын мониторингілеу және бақылау.

### **ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ**

#### **Ішкі бақылау жүйесі**

Компанияның Ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және ол басқарудың барлық деңгейлерін қамтиды.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі шеңберіндегі қызметі Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 27 маусымдағы шешімімен бекітілген Компанияның Ішкі бақылау жүйесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.



Ішкі бақылау жүйесі туралы ережеде тәуекел-бағдарланған тәсілді қолдана отырып, Компанияда ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін ұйымдастыру, мониторингілеу және бағалау үшін Директорлар кеңесінің жауапкершілігі бекітілді. Компания Басқармасы ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне жауапты.

Бұл ретте, Компанияның ішкі аудит қызметі Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингінің бір бөлігі ретінде әрекет етеді және ішкі бақылау жүйесін оның қойылған мақсаттарға, міндеттерге және берілген өлшемдерге сәйкестігі тұрғысынан тікелей бағалайды және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар береді.

### **Тәуекелдерді басқару**

Компанияның қызметіне ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың әсер ету дәрежесін шектеу жолымен қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді.

Компанияның тәуекел-менеджменті Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің, Басқарманың, құрылымдық бөлімшелердің – тәуекелдер иелерінің, сондай-ақ, Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Компания өз қызметін төрт санат бойынша бөлінген тәуекелдердің кең спектрін ескере отырып жүзеге асырады: стратегиялық, қаржылық, құқықтық және операциялық тәуекелдер.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару процесі Тәуекелдерді басқару саясатымен, Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелерімен, Компания Директорлар Кеңесі бекіткен қаржылық тәуекелдердің жекелеген түрлерін (валюталық, кредиттік, пайыздық және елдік тәуекелдер) басқару ережелерімен реттелген; Компания Басқармасы бекіткен Іске асырылған тәуекелдерді есепке алу әдістемесімен.

Компанияда жыл сайын тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару бойынша шараларды әзірлеу жүзеге асырылады.

Тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер иелерінің қатысуымен тәуекелдер мониторингі жүргізіледі, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру мониторингі жүзеге асырылады, сондай-ақ іске асырылған тәуекелдер базасы жүргізіледі. Сыртқы және/немесе ішкі тәуекелдер өзгерген кезде тәуекелдерді қайта бағалау, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды қайта қарау жүзеге асырылады.

Компанияның әрбір құрылымдық бөлімшесінде тәуекел-менеджмент мәселелеріне жетекшілік ететін және жетекшілік ететін бағытқа тән тәуекелдерді анықтау мен бағалауға, тәуекелдер бойынша есептілікті дайындауға, тәуекелдерді басқару секторымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдем көрсететін қызметкер анықталған. Компания қызметкерлері үшін тұрақты негізде оқыту іс-шаралары жүргізіледі.

### **Белгіленген еңбек жағдайларын сақтамау қатерін басқару**

Бұл тәуекел операциялық тәуекел болып табылады және өндірісте жазатайым оқиғалардың орын алуымен, қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғауды бұзумен, сонымен қатар жұмыс берушінің еңбек заңнамасын бұзуымен сипатталады. Осы тәуекелдің ықтимал пайда болуы персоналдың қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау жөніндегі қателіктері, тұрақты негізде қолданылатын құқық бойынша қызметкерлердің білімін жаңарту тетіктерінің болмауы, қызметті жүзеге асыру процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамау сияқты факторларға негізделеді.

Өндірісте жазатайым оқиғаларды алдын алу мақсатында, Компания тобының ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бөлімшелер жұмыс істейді, қызметкерлерді оқыту және нұсқаулықтарды жүргізу кестелері бекітілген.

Компанияда Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру мен білімдерін тексеру тәртібі және емтихан комиссиясын құру туралы ереже бекітілген. Компания қызметкерлері түтінденуден жеке қорғаныс құралдарымен жабдықталған. Тұрақты негізде Компания және Компания тобының еншілес ұйымдары қызметкерлерін оқыту жүргізіледі. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар жұмыс орнында өткізіледі.

**Инвестициялық жобалардың тәуекелдерін басқару (инвестициялық жобаларға салынған қаражаттың ысырабы, жобаның қымбаттауы және пайдалануға уақтылы енгізілмеуі, өндірілетін өнімнің технологиялық артта қалуы және бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы)**

Бұл тәуекелдер операциялық тәуекел болып табылады. Олардың пайда болуы экономикалық және нарықтық стратегиялардың басымдықтарын негізсіз анықтау, сондай-ақ Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосатын әр түрлі инновациялардың тиісті басымдықтары, жобаның қаржылық-экономикалық және техникалық-

экономикалық негіздемесін сапасыз және уақтылы дайындамау сияқты факторларға байланысты.

**Қарыздар мен облигацияларға қызмет көрсету және оларды өтеу, қаржы тұрақсыздығының туындауы, өтемпаздықтан айырылу тәуекелдерін және еншілес ұйымдардың Компаниямен берілген қарыз қаражатын қайтармау тәуекелін басқару**

Қарыздар мен облигацияларға қызмет көрсету және оларды өтеу үшін қаражаттың жеткіліксіздігі фактілеріне жол бермеу, ақша ағындарын тиімді басқару және еншілес ұйымдардың Компаниямен берілген қарыз қаражатын қайтаруы мақсатында, табыс бөлігінің мониторингі жүйелі негізде жүргізілді, мониторингтің нәтижелері тәуекелдер жөніндегі есептің аясында Басқармада, Директорлар кеңесінде тоқсан сайын қаралды.

#### **4. ТҰРАҚТЫ ДАМУ**

Компанияның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі тұрақты дамуды бір мезгілде қамтамасыз ете отырып, оның ұзақ мерзімді құнының өсуі болып табылады.

Компания тұрақты дамуды – Компания мен оның еншілес ұйымдары өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму ретінде қарастырады.

Өзінің еншілес ұйымдарының тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Компания бірыңғай саясатты, әдістемелік ұсынымдарды және корпоративтік стандарттарды бекітеді.

Компания ***тұрақты даму саласында келесі қағидаттарды*** ұстанады:

##### ***Ашықтық***

Біз кездесулерге, талқылауларға және диалогқа ашықпыз, біз өзара мүдделерді есепке алуға, Компанияның, еншілес ұйымдардың және мүдделі тараптардың мүдделері арасындағы құқықтар мен балансты сақтауға негізделген мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді ынтымақтастық құруға ұмтыламыз.

##### ***Есеп берушілік***

Біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету үшін өзіміздің есеп берушілігімізді түсінеміз. Біз Жалғыз акционер мен инвесторлар алдындағы ұзақ мерзімді құнның өсуі мен ұзақ мерзімді кезеңде Компания мен ұйымдардың тұрақты дамуы үшін өз жауапкершілігімізді түсінеміз; біз ресурстарға ұқыпты қарау,

шығарындыларды, қалдықтарды біртіндеп қысқарту және жоғары өнімді, энергия және ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу арқылы өз қызметінің қоршаған ортаға және қоғамға теріс әсерін азайтуға тырысамыз; біз салықтарды және заңнамада көзделген өзге де алымдарды мемлекеттік бюджетке төлейміз; біз жұмыс орындарын сақтаймыз және құрудамыз; біз қызметті жүзеге асыратын жердің дамуына жәрдемдесуге тырысамыз; біз ойластырылған және ақылға қонымды шешімдер қабылдаймыз және барлық деңгейде іс-қимыл жасаймыз; біз ресурстарды ұқыпты және жауапты пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған инновациялық технологияларды енгізуге ұмтыламыз; біздің өнімдеріміз, тауарлар мен қызметтер тиісті сапалы болуы керек; біз клиенттерімізді бағалаймыз.

### ***Айқындық***

Біздің шешімдеріміз бен іс-әрекеттеріміз мүдделі тараптар үшін айқын және ашық болуы тиіс. Біз құпия ақпаратты қорғау жөніндегі нормаларды ескере отырып, заңнамада және біздің құжаттармен қарастырылған ақпаратты уақытылы ашамыз.

### ***Әдепті мінез-құлық***

Біздің шешімдеріміз бен іс-әрекеттеріміздің негізінде құрмет, адалдық, ашықтық, командалық рух пен сенім, адалдық және әділдік сияқты құндылықтарымыз бар.

### ***Құрмет***

Біз заңнамадан, жасалған шарттардан немесе іскерлік өзара қарым-қатынастар шеңберінде жанама түрде басшылыққа алатын мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейміз.

### ***Заңдылық***

Біздің шешімдеріміз, іс-әрекеттеріміз және мінез-құлқымыз Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғам органдарының шешімдеріне сәйкес келеді.

### ***Адам құқықтарын сақтау***

Біз Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және сақтауға ықпал етеміз; біздің қызметкерлеріміз – біздің басты құндылығымыз және негізгі ресурстарымыз. Сондықтан біз еңбек нарығынан кәсіби кандидаттарды ашықтық және айқындық негізінде тартамыз және меритократия қағидаты негізінде өз қызметкерлерімізді дамытамыз; қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етеміз; сауықтыру бағдарламаларын жүргіземіз және қызметкерлерге әлеуметтік қолдау

көрсетеміз; қызметкерлерді ынталандыру мен дамытудың тиімді жүйесін жасаймыз; корпоративтік мәдениетті дамытамыз.

### ***Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік***

Біз барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай отырып, оның кез келген көріністерінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті жариялаймыз. Сыбайлас жемқорлық істеріне тартылған лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер жұмыстан босатылуға және жауапкершілікке тартылуға жатады; Компаниядағы ішкі бақылау жүйелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу, болдырмау және анықтауға бағытталған шараларды қамтиды; біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте олардың ақпараттылығын арттыру үшін мүдделі тараптармен диалогты дамытамыз.

### ***Мүдделер қақтығысына жол бермеу***

Мүдделер қақтығысына байланысты бұзушылықтар Компанияның беделіне зиян келтіруі және мүдделі тараптар тарапынан оларға деген сенімді бұзуы мүмкін; лауазымды адамның немесе қызметкердің жеке мүдделері өздерінің лауазымдық, функционалдық міндеттерін әділ орындауына ықпал етпеуге тиіс; Компанияның серіктестерімен қарым-қатынастарында, тараптар бір-біріне қатысты барынша адал, адал ниетпен, әділ және бейілді әрекет етуге міндетті болатын фидуциарлық қатынастарды орнатуға және сақтауға сене отырып, мүдделер қақтығысын алдын алуға, анықтауға және болдырмауға шаралар қабылдайды.

### ***Жеке үлгі***

Біздің әрқайсымыз күн сайын өз іс-әрекеттерімізде, мінез-құлқымызда және шешімдер қабылдау кезінде тұрақты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз; басқарушылық позицияға ие лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өздерінің жеке үлгісімен тұрақты даму қағидаттарын енгізуге ынталандыруы тиіс.

## **МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ**

Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға әсер етеді немесе әсер ету объектісі болып табылады.

Мүдделі тараптар Компания мен оның еншілес ұйымдарының қызметіне, атап айтқанда Компания құнының өсуіне, тұрақты дамуға, беделге және имиджіне, тәуекелдерді құруға немесе төмендетуге оң да, теріс те әсер ете алады. Сондықтан, Компания мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ұзақ мерзімді құнды құру, стратегиялық мақсаттарға қол

жеткізу және Компанияның оң беделін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың кепілі ретінде қарастырады.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жүйесі барлық мүдделі тараптардың мүдделерін үйлестіруге бағытталған. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мүдделер мен ынтымақтастықты құрметтеу, Компания қызметінің ақпараттық ашықтығы, өзара іс-қимыл тұрақтылығы, міндеттемелерді сақтау қағидаттарында негізделген.

Компания мен ЕТҰ түрлі коммуникациялық платформалар арқылы барлық мүдделі тараптармен тұрақты диалог орнатуға және қолдауға үлкен көңіл бөледі.

Мүдделі тараптардың тізбесі мыналарды қамтиды, бірақ шектелмейді:

- мемлекет Жалғыз акционер ретінде, биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтары, реттеуші және қадағалау мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар;

- қызметкерлер, лауазымды тұлғалар;

- инвесторлар, кредиторлар, серіктестер;

- тұтынушылар, клиенттер;

- жеткізушілер, мердігерлер;

- бәсекелестер;

- кәсіптік одақтар;

- жергілікті қоғамдастықтар, қызметті жүзеге асыратын жерлердегі халық, қоғамдық ұйымдар.

Мүдделі тараптардың Компанияға әсер ету дәрежесін және Компания қызметінің мүдделі тараптарға әсер ету дәрежесін бағалау негізінде қандай да бір тараппен өзара іс-қимыл стратегиясы мен әдістері әзірленеді.

### **Жалғыз акционермен өзара әрекеттесу**

Компания акцияларының 100%-ы Жалғыз акционерге тиесілі. Компания Жалғыз акционермен тұрақты және тиімді өзара іс-қимылдың маңыздылығын түсінеді. Компания Жарғыда және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық көлемде Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

### **Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу**

Компания мемлекеттік органдар мен Компанияның барлық бастамалары ел экономикасын дамытуға бағытталуы тиіс екенін түсіне отырып, әріптестік пен құрмет қағидаттарында мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасайды. Компания және оның еншілес және тәуелді ұйымдары жауапты және адал салық төлеушілер болып табылады.

### **Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесу**

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесу бұндай ұйымдардың тиісті органдары арқылы бекітілген корпоративтік рәсімдердің шеңберінде жүзеге асырылады. Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесуінің негізгі мақсаттары тұрақты қаржылық дамуды, пайдалылықты қамтамасыз ету, Компания мен еншілес және тәуелді ұйымдардың инвестициялық тартымдылығын арттыру, сонымен қатар Компанияның үйлестірілген және тиімді даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

### **Жеткізушілермен, мердігерлермен және клиенттермен өзара әрекеттесу**

Компания жеткізушілермен, мердігерлермен және клиенттермен қатынастар құра отырып, ашықтық, адалдық, өзара тиімділік мүдделерін сақтау, қабылданған міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті түсіну қағидаттарын басшылыққа алады, шарттық қарым-қатынастардың барлық талаптарын сақтайды, қарым-қатынастарда құрмет пен адал ниеттілік танытады, келісімді міндеттемелерді орындау бойынша тапсырыс берушілермен жұмыс бабындағы кездесулерді өткізеді.

### **Қызметкерлер**

Компания мен қызметкерлердің өзара әрекеттесуі ынтымақтастық негізіндегі қатынастарды қалыптастыруға бағытталған. Компания әр қызметкердің үлесін бағалайды және құрмет пен ынтымақтастық негізінде қарым-қатынас орнатады, бастаманы, жауапкершілікті және өршіл мақсаттарға қол жеткізуді көтермелейді.

Жұмыс берушінің қызметкерлермен өзара әрекеттесуі Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес келеді, Ұжымдық шартпен, еңбек шарттарымен, Іскерлік этика кодексімен және Кадр саясатымен реттеледі.

### **Жергілікті қоғамдастықтармен және биліктермен өзара әрекеттесу**

Компанияның еншілес ұйымдары еліміздің өңірлерінде шоғырланған. Олардың көпшілігі өңірлерді дамытуда, жалпы өңірлік өнімді қалыптастыру процестерінде, жергілікті халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуде, жергілікті бюджеттерді толықтыруда және т. б. маңызды рөл атқарады. Жергілікті қоғамдастықтармен және жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекеттесу, тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтауға құрылады және қызметті жүзеге асыру орындарында қолдау алуға, жағымды имиджіне, жергілікті биліктің бейілдігіне бағытталған.

## **ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ**

Тұрақты даму үшін Компания үш негізгі құрамдас бөлікті бөліп шығарады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Компания ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етеді.

### ***Экономикалық аспект***

Экономикалық құрамдас бөлік Компания мен еншілес ұйымдардың қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытудағы инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Компания машина жасау саласын дамытуға және жалпы еліміздің экономикалық дамуына лайықты үлес қосуда. Мәселен, Қазақстан Республикасының машина жасау өнімдері өндірісінің жалпы көлеміндегі Компанияның үлесі 6%-дан астам деңгейде қалыптасты.

Маңызды аспект негізгі стейк-холдер ретіндегі мемлекетпен өзара әрекеттесу болып табылады. Бюджеттік қаржыландыру есебінен екі маңызды инвестициялық жоба іске асырылуда – «ПАМЗ» АҚ және «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ зауттарында.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Компания тобы бойынша сатып алудың жалпы көлемі 22,55 млрд. теңгені құрады, бұл ретте сатып алудағы жергілікті қамту 6,39% немесе 1,44 млрд. теңгені құрады (көрсетілген сомаға құпиялылығына байланысты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс бойынша шарттар кірмейді).


Өнім берушілерді іріктеу сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы, сапалы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қағидаттарында қолданыстағы рәсімдер шеңберінде жүргізіледі.

Өнім берушілердің сенімділігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен және/немесе квазимемлекеттік сектордың сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен салыстыру арқылы тексеріледі.

Сатып алынған тауарлардың жалпы көлемінен 20 523 млн. теңге сомасына қазақстандық өнім берушілердің үлесі 22,92 млн. теңгені немесе жергілікті қамтудың 0,11%-ын құрады. Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге жасалған шарттардың жалпы көлемі 2 031,42 млн. теңгені құрады, бұл ретте жергілікті қамту 69,76% немесе 1 417,09 млн. теңгені құрады.



**«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ тобы сатып алуының жалпы көлемі (млн. теңге)**



- Компаниялар тобы бойынша сатып алудың жалпы көлемі
- Жергілікті қамту

### **Экологиялық аспект**

Экологиялық құрамдас бөлік биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсер етуді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал сақтау технологияларын қолдануды, экологиялық қолайлы өнім жасауды, қалдықтарды барынша азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді.

Компания тобының кәсіпорындары қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті өзінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады және өз қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту жөніндегі шараларға бірінші дәрежелі көңіл бөледі.

Компания кәсіпорындары өндірістік қызметті қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Осы саладағы басқарудың негізгі қағидаттары тәуекелдерді анықтау және басқару, ластаушы заттар мен парниктік газдар эмиссияларын азайтуға және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу, ашықтық пен хабардарлықты қамтамасыз ету болып табылады.

Компания тобының кәсіпорындары бар аймақтың тұрақты дамуына үлесі табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғат қорғау

заңнамасына сәйкес Компания тобының кәсіпорындары қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алды.

Компания тобының кәсіпорындары шекті рұқсат етілген шығарылымдардың нормативтерін әзірледі және аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдарынан келісім алды, олардың мерзімі аяқталған соң, жаңа нормативтер әзірленеді.

Компания қоршаған ортаға барынша ұқыпты қарау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қағидаттарын сақтауға ұмтылады, қоршаған ортаға тиетін жағымсыз ықпалдың алдын алуға жағдай жасайды, қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолданады, экологиялық таза және энергияны үнемдейтін технологияларды дамытуға және таратуға, экологиялық мониторингті жүргізуге және экологиялық ақпаратты ашық ұсынуға жәрдемдеседі.

Экологиялық тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттер келесілер болып табылады:

- қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы нормалар мен стандарттарды сақтау;
- қызметтің энергиялық тиімділігін арттыру;
- есептілік жүйесін енгізу.

Энергияны көп қажет ететін өндірістер ретінде машина жасау компаниялары үшін қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан түйінді энергия тұтыну болып табылады. Компанияның энергия тұтынуы екі құрамдас бөліктен құралады: электрэнергиясы және шаруашылық қажеттіліктерге арналған жылу энергиясы.

Энергияны үнемдеу көзқарасынан энергияны үнемдейтін инновациялық технологияларды қолдану арқылы энергия сиымдылығын азайту бойынша іс-шаралар мейлінше жоғары нәтиже береді. Жаңа материалдарды қолдану, ғимараттың жылу жоғалтуын қысқартатын қасбеттерді және терезе құрастырылымдарын жылыту арқылы кәсіпорынды жаңғырту жобасын жүзеге асырған кезде жылу энергиясын тұтыну көлемдерін елеулі түрде азайтуды жұмсалымдарды айтарлықтай азайту деп айтуға болады.

2020 жылы жалпы сомасы 3 679 мың теңгеге табиғатты қорғауға арналған шығындар жоспарланды, бұл ретте нақты шығындар 34 040 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- табиғи ресурстарды қорғауға және ұтымды пайдалануға - 15 971 мың теңге;

- атмосфералық ауаны қорғауға - 10 063 мың теңге;
- жерді өндіріс қалдықтарымен ластанудан қорғауға - 7 987 мың теңге;
- жерді қалпына келтіруге - 18 мың теңге.

2020 жылы жалпы сомасы 1 145 мың теңгеге қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өндірістік қорларды күрделі жөндеуге арналған шығындар жоспарланды, бұл ретте нақты шығындар 4 496 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- зиянды заттарды ұстауға, залалсыздандыруға арналған құрылыстар, қондырғылар мен жабдықтарға қызмет көрсету - 2 564 теңге;
- ағынды суларды тазарту және су ресурстарын ұтымды пайдалану үшін құрылыстар, қондырғылар – 1 932 теңге.

### **Әлеуметтік аспект**

Әлеуметтік құрамдас бөлік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған, олар өзгелердің қатарында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және қызметкерлердің денсаулығын сақтауды, әділ сыйақы мен қызметкерлердің құқықтарын құрметтеуді, персоналдың жеке дамуын, қызметкерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды, демеушілік пен қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізуді қамтиды.

Компанияның миссиясы мен пайымдауына қол жеткізу негізгі бәсекелестік артықшылықтарды дамытуды болжайды, олардың ішінде адам ресурстары маңызды орын алады. Компанияның кадрлық әлеуеті оның табысын анықтайтын маңызды стратегиялық фактор болып табылады.

### **2020 жылы Компания қызметкерлерінің штаттық саны**

Компания тобының штат саны 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5035 адамды құрады, оның ішінде «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ – 86 бірлік, бұл ретте 2020 жылы Компания тобы бойынша 18 жаңа жұмыс орны құрылды.

2020 жылы корпоративтік орталықта 29 адам жұмысқа қабылданды. 36 қызметкер жұмыстан шығарылды, оның ішінде 7 адам өз қалауы бойынша кадрлардың тұрақтамау деңгейі 43%-ды құрады.

Корпоративтік орталықтағы гендерлік құрылымда ерлер мен әйелдер санының теңгерімі сақталуда: 74 қызметкерден - 49 ер адам және 25 әйел адам.

## **Кадр саясаты**

Компанияда кадрлық саясат жұмыс істейді, оның негізгі мақсаты HR менеджментін енгізу және адами ресурстарды басқару жүйесін құру арқылы персоналды басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады, ол максималды пайда алуға және экономикалық ынталандырулар мен әлеуметтік кепілдіктерге негізделген бәсекелес ортада көшбасшылықты қамтамасыз етуге бағытталған және жұмыс берушінің де, қызметкердің де мүдделерін үйлесімді біріктіруге ықпал етеді.

Компанияның кадрлық саясатының басым бағыттарының бірі Компанияны жоғары білікті персоналмен қамтамасыз ету үшін қажетті кәсіби құзыреттілікке ие жаңа форматтағы жетекшілерді дайындау мақсатында жас және перспективалы көшбасшыларды іздестіруді және анықтауды қамтитын кадр резервін дайындау болып табылады.

Нормативтік-регламенттеуші құжаттар мен рәсімдер, әдіснамалық тәсілдер, қолдаудың ақпараттық және технологиялық жүйелері, Компанияның персоналды басқару жүйесінің басқа да қажетті компоненттері кадрлық саясаттың принциптері мен негізгі бағыттарына сүйене отырып әзірленеді және құрылады.

Кадр саясатының түйінді басымдықтары келесілер болып табылады:

- кәсіпқойлығы жоғары жұмыскерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу;
- қызметкерлерді басқарудың озық әдістерін енгізу;
- ішкі кадр резерві мен сыртқы ресурстарды ақылға қонымды түрде үйлестіру арқылы кадр резервін басқару;
- басқарушы жұмыскерлердің кадр резервін қалыптастыру;
- ортақ құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды және жұмыскердің мінез-құлығын регламенттейтін нормаларды жасау және құрау;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, еңбек қақтығыстарының алдын алу және оларға жол бермеу.

## **Конкурстық іріктеудің кезеңдері**

Компаниядағы жалдау рәсімі компанияның әкімшілік лауазымдарына Кадрларды конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес, оның ішінде «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті базасында кәсіби және жеке-іскерлік құзыреттері бойынша тестілеу элементтерін қолдана отырып және кандидаттардың білім деңгейін мен конкурс комиссиясының отырысын тексеру үшін Компанияның топ-

менеджментімен әңгімелесу (тестілеуден өткен жағдайда) жүзеге асырылды.

2020 жылы 1 629 қызметкер оқытылды. Оқу шығындары 20 919 мың теңгені құрады.

### **Әлеуметтік қолдау**

Компанияның және еншілес ұйымдардың қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

Денсаулық қорғау саласында:

- жұмыс орындарының санитарлық-гигиеналық жағдайын қамтамасыз ету және жұмыс үшін қолайлы жағдай жасау;
- қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің түрлі санаттары үшін ерікті медициналық сақтандырудың көп деңгейлі корпоративтік бағдарламасын енгізу;
- корпоративтік сақтандыру жүйесін енгізу;
- қызметкерлерді профилактикалық тексеруді жүргізу, оның ішінде жұмысқа қабылдау кезінде;
- уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша төлемдер;
- корпоративтік бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын және профилактикалық медициналық іс-шараларды жүйелі түрде насихаттауды жүргізу.

Қызметкерлерге әлеуметтік жеңілдіктер пакетін беру саласында:

- қызметкерлерге материалдық көмек және басқа да әлеуметтік жеңілдіктер беру жүйесін жетілдіру.

Тұрғын үй саясаты саласында:

- корпоративтік тұрғын үй бағдарламасын әзірлеу, соның ішінде Компания қызметкерлерінің тұрғын үй сатып алуы үшін несие беру.

Зейнеткерлерді қолдау саласында:

- жұмыс істемейтін зейнеткерлерді қолдаудың корпоративтік бағдарламасын әзірлеу (кеңесшілер, сарапшылар және т.б. ретінде тарту);
- қызметкерлерді зейнеткерлікке шығуға дайындау бойынша іс-шараларды іске асыру, оңтайлы уәждемелік пакетті ұсыну (зейнеткерлікке

уақытында шығу кезінде ең жоғары игіліктер алу, зейнеткерлікке шығу мерзімін ұзарту кезінде өтемақы көлемін төмендету);

- жұмыс істемейтін зейнеткерлердің моральдық-психологиялық қолдау көрсету үшін Компания мен ЕТҰ өткізетін мерекелік және салтанатты іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру.

### **Уәждеме жүйесі**

Компанияда уәждеме және ынталандыру тетігін әзірлеу кезінде сыйақының мынадай түрлері пайдаланылады:

- тікелей материалдық сыйақы;
- тікелей емес материалдық көтермелеу (қызметкерлерді әлеуметтік қорғау бағдарламаларын, оның ішінде Компанияның ішкі құжаттарында көзделген бағдарламаларды қамтиды);
- материалдық емес көтермелеу.

Компанияның кадрлық саясатын іске асыру шеңберінде Компания қызметкерлерінің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ақылақтық мүдделілігін ынталандыру, орындалатын жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту мақсатында Компания қызметкерлерін материалдық емес ынталандыру жүйесін енгізу көзделген, оның негізгі қағидаттары мен ережелері Компания қызметкерлерін материалдық емес ынталандыру қағидаларында айқындалған.

Компания және еншілес ұйымдар қызметкерлерін материалдық емес ынталандырудың негізгі нысандарына мыналар жатқызылған:

- қоғамдық танылуды көрсететін заттар мен құбылыстар негізінде қызметкерлерді ақылақтық ынталандыру, сіңірген еңбегі мен жетістіктері туралы ақпараттандыру, «Үздік маман», «Үздік құрылымдық бөлімше» атағын беру;

- ҚР мемлекеттік марапаттарына, ведомстволық марапатқа - «Құрметті машина жасаушы» төс белгісіне ұсыну;

- Компанияның Құрмет кітабына енгізу;

- корпоративтік бос уақытты ұйымдастыру – көшпелі және өзге де мәдени және спорттық-сауықтыру іс-шаралары, конкурстар мен көрмелер, қызметкерлердің балаларына арналған конкурстар;

- ерекше еңбек сіңірген қызметі, мінсіз және адал еңбегі және лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны үшін Компания қызметкерлері Құрмет грамоталары мен алғыс хаттар түрінде марапатталды;

- еңбек жағдайын жақсарту – заманауи кеңселік ұйымдастыру техникасын ұсыну, қосымша ұялы телефон беру және т.б.

Компания қызметкерлерінің еңбек уәждемесінің шарттары мен тәртібі ішкі нормативтік құжаттар кешенімен анықталған. Еншілес кәсіпорындардың қызметкерлерін материалдық ынталандыру жүйесі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50% астамы Компанияға тиесілі заңды тұлғалардың қызметкерлеріне Еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру саясатымен реттеледі.

Материалдық ынталандыру нысандарына мыналар жатады:

- Компания қызметкерлеріне бір жолғы сыйақы төлеуді жүзеге асыру;
- мерейтойларға құттықтау хаттар мен бағалы сыйлықтар тапсыру;
- қол жеткізген табыстары мен жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін лауазымдық жалақысын арттыру.

### **Әлеуметтік әріптестік**

Еңбек өнімділігі үшін жағдай жасау, машина жасау саласы қызметкерлерінің өмір сүру деңгейін арттыру және Компания тобының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Салалық келісім жасалды, оның негізгі қағидаттары әлеуметтік әріптестік тараптарының шаруашылық қызметін табысты қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған шараларды іске асыру болып табылады.

Компания ұжымымен ұжымдық шарт жасалды, ол еңбекақы төлеуді ұйымдастыру, әлеуметтік қолдау көрсету, еңбек жағдайлары, демалыс және т.б. үшін бірыңғай қағидаттарды белгілейді. Қызметкерлер мен жұмыс беруші арасында ұжымдық шарттар барлық еншілес ұйымдарда да жасалған.

Ұжымдық шартта қызметкердің бала тууына/асырап алуына байланысты, қызметкердің, оның отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты еңбек демалысына материалдық көмек, жүктілік және босану бойынша әлеуметтік төлемдер, басқа жұмысқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда еңбек шартын бұзу кезіндегі өтемақы, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру және медициналық қызмет көрсету, балалардың сауықтыру лагерьлерінде 7 жастан 14 жасқа дейінгі жұмыскерлер балаларының демалысын ұйымдастыру және т. б. қамтылатын негізгі әлеуметтік пакет көзделген..

Шағымдар мен өтініштерді алдын алу және реттеу, қызметкерлер арасында әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын болдырмау мақсатында

тұрақты жұмыс істейтін Келісу комиссиясы құрылды, Омбудсмен лауазымы жұмыс істейді.

### **Іскерлік этика кодексі**

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту мақсатында Компанияда Іскерлік этика кодексі енгізілді.

Компанияның негізгі корпоративтік құндылықтары: адалдық, әділдік, құмарлық, ашықтық және жауапкершілік болып табылады.

Омбудсмен – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-да іскерлік этика Кодексінің ережелерін енгізуге және сақтауға ықпал ететін лауазымды тұлға.

### **Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік**

Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, жарақаттануды төмендету, жұмыскерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту, зиянды және жағымсыз факторлардың әсерін азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

Жұмыс жүргізумен байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында, Компания тобында кіріспе, жоспарлы, кезектен тыс және жоспардан тыс нұсқаулықтар жүргізілді.

Компания өндірістегі еңбек қауіпсіздігін арттыру бойынша жүйелі шараларды жүргізеді. Компанияның еншілес ұйымдары өздеріне алған міндеттемелерін орындайды, солардың ішінде:

- күзгі-қысқы кезеңде жұмыс орындарында тиісті температураны қамтамасыз ету;
- жұмыс орындарының жеткілікті жарықтылығын қамтамасыз ету;
- өндірістік жарақаттану себептерін талдау және оның алдын алу бойынша шараларды қолдану;
- профилактикалық медициналық тексерістерді жүргізу;
- жұмыскерлерге арнаулы киімді, аяқ киімді, жеке қорғаныс құралдарын беру;
- қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оның денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыру;
- еңбекті қорғау талаптарының сақталуын үнемі бақылау;
- цехтерді, медициналық пунктті зауыттың жұмыскерлеріне шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы»



Заңының талаптарына сәйкес, қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүзеге асырылады.

2020 жылы COVID-19 таралуын оқшаулауға және болдырмауға бағытталған қатаң карантиндік шаралар жарияланғаннан және енгізілгеннен кейін, Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігерінің қаулыларына сәйкес Компания тобының қызметкерлері қашықтықтан жұмыс форматына ауыстырылды.

Компания тобының қызметкерлері Компания қаражаты есебінен тиісті жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілді.

Өкінішке орай, есепті кезеңде өндірісте үш жазатайым оқиға, оның ішінде өліммен аяқталған бір оқиға орын алды. 2020 жылғы 12 мамырда «Семей машина жасау зауыты» АҚ-да жөндеу жұмыстарын орындау кезінде қауіпсіздік шараларын бұзу нәтижесінде, электрик В.В. Тодорив өмірмен үйлеспейтін жарақат алды.

Компания тобы бойынша 2020 жылы денсаулыққа келтірілген зиянды өтеудің жалпы сомасы 13 211 мың теңгені құрады, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өнеркәсіптік санитария бойынша жалпы шығындар 75 123 мың теңгені құрады.



Өндірістік жарақаттанудың алдын алу және оны болдырмау мақсатында Компания тобында алдын алу және түзету әрекеттері жөніндегі іс-шаралар өткізіледі.

## СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӘНЕ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



### Moore Stephens Kazakhstan

«Нұрлы Тау» бизнес-орталығы, 1А,  
2-ші қабат, Өп-Фараби даңғылы 5,  
Алматы, Қазақстан, 050059

T +7 727 266 99 04

E [info@moore.kz](mailto:info@moore.kz)

[kazakhstan.moore-global.com](http://kazakhstan.moore-global.com)

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ акционеріне

#### Пікір

Біз «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі – «Топ»), осы құжатқа біріктірілген 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы бойынша шоғырландырылған есептен, кірістер мен шығыстар және өзге де жиынтық залал бойынша шоғырландырылған есептен, ақша қаражатының қозғалысы бойынша шоғырландырылған есептен, аталған күнге аяқталған жылдағы жеке капиталдағы өзгерістер бойынша шоғырландырылған есептен, сондай-ақ, қаржылық есептіліктің ескертпелері мен шоғырландырылған есеп саясатының қысқаша сипаттауынан тұратын қаржылық есептілікке аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, табысталған шоғырландырылған қаржылық есептілік 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ, шаруашылық қызметінің нәтижелерін және аталған күнге аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттар (бұдан әрі – «ХҚЕС») талаптарына сәйкес барлық елеулі аспектілері бойынша шынайы қамтып көрсетеді.

#### Пікір білдіруге негіз

Біз Халықаралық Аудит Стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес аудит жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша аудит жүргізудегі аудитордың жауапкершілігі» тарауында баяндалған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлердің әдеп Кодексіне (бұдан әрі – «БХӘСК Кодексі») және Қазақстан Республикасындағы шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша біздің аудитке қойылатын әдептік талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз және осы аталған талаптарға және БХӘСК Кодексіне сәйкес басқа да әдептік міндеттемелерді орындадық. Біз пікіріміздің негізі бола алатын жұмыс барысында алынған аудиторлық дәлелдердің толық және дұрыс екендігіне кәміл сенімдіміз.

#### Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымызша, есептік кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есеп аудитіне аса маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер жалпы шоғырландырылған қаржылық есеп аудиті мен осы есеп жайлы пікірді қалыптастыру мәнмәтінінде қарастырылды. Біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Біз есебімізде назар аударуды қажет ететін келесі басты мәселелерді анықтадық:

#### Түсімді тану

##### Тәуекел

Топ түсімнің көп бөлшегі мерзім ішінде сатып алушылармен болған сатудан болғандығын мойындайды. Келісім-шарттың аяқталу деңгейін талдауда және келісім-шарт бойынша активті мойындауда пайдаланылған басты жорамалдар басшылықтың бағалауына негізделген, сондықтан белгісіздікке ие.

##### Біздің шаралар

Біздің аудиторлық процедуралар осы салада төмендегіні қамтыды:

- Біз Топтың түсімді мойындау процесін түсіндік;
- Біз сатып алушылармен жасалған келісім шарттарын зерттедік, келісімдердің стандарттан тыс шарттарын талдадық және Топтың түсімді мойындау тәсілін қарадық;
- Біз түсімнің айлық үрдісі мен жеке келісімдер бойынша түсімнің ауытқуын талдап, есептік күнге жақын түсімді мойындау тәсілін зерттедік;

1-бет, барлығы 4



#### *Аудиттің басты мәселелері, жалғасы*

- Біз басшылықтың келісім-шарттардың аяқталу деңгейін бағалауда пайдаланылатын жорамалдың негізділігін тексеру үшін аудиторлық процедураларды жүргіздік. Осындай жорамалдардың ішіндегілері – болжалды уақыт пен сатып алушылармен жасалған келісім-шарттарды жоюға кеткен шығындар;
- Біз сатып алушыларға сатудан болған түсімге қатысты ақпараттың сәйкестігі мен ашып көрсету толықтығын тексердік.

#### **Өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша резервті мойындау**

**Тәуекел** Топ өтімді және өтімсіз қорларды анықтау және резервтерді есептеу мақсатында қорлар теңгеріміне талдау жүргізеді. Сатудың болжалды мерзімі мен осындай активтердің өтелетін құнын талдау барысында пайдаланылған басты жорамалдар басшылық бағалауына негізделген, сондықтан белгісіздіке ие.

**Біздің шаралар** Біздің аудиторлық процедуралар осы салада төмендегіні қамтыды:

- Біз өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша резервті бағалау процесін түсіндік;
- Біз тауар-материалдық қорлар номенклатуралары бойынша айналымдылық коэффициентін талдадық;
- Біз инвентаризация кезінде тауар-материалдық қорлардың жағдайын бағаладық;
- Біз резервті бағалаудағы басшылық пайдаланатын жорамалдың негізділігін бағалау үшін аудиторлық процедуралар жүргіздік. Осындай жорамалдардың бірі – болжалды уақыт пен қорларды сату/утилизациялау құны, сондай-ақ, оларды альтернативті қолдану мүмкіндігі;
- Біз өтімсіз тауар-материалдық қорлар резервіне қатысты ақпараттың сәйкестігі мен ашып көрсету толықтығын тексердік.

#### *Басқа мәліметтер*

Топтың 2019 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл бойынша қаржылық есебін өзге аудитор тексерген, ол есеп бойынша 2020 жылдың 20 қарашасында ХҚЕС 9 «Қаржы құралдары» және ХҚЕС 15 «Сатып алушылармен жасалған келісім-шарттан болған түсім» ережелерінен ауытқуына байланысты ескертуі бар пікір білдірген.

2020 жылдың қаржылық есебіне аудит жүргізу барысында біз салыстырмалы көрсеткіштердің түзетпелерін тексердік, атап айтқанда, бұрынғы аудитордың ескертуін жою үшін 2018 жыл мен 2019 жылдың 31 желтоқсанына сатып алушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша болжалды несие шығындары мен активтерін есептедік. Бұл түзетпелер жеке қаржылық есептің 3 ескертуінде келтірілген, және, біздің пікіріміз бойынша олар орынды және тиісті түрде жасалған. Біз түзетпелерді тексеруден басқа Топтың 2019 жылғы жеке қаржылық есебіне аудит, толық тексеру немесе кез келген басқа процедураларды жүргізбедік, сондықтан 2019 жылдың қаржылық есебіне пікір білдірмейміз.

#### *Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты басшылықтың жауапкершілігі*

Топ Басшылығы ХҚЕС сәйкес осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және шынайы табыстау, сондай-ақ, Топтың пікірінше ықпалсыз әрекеттер немесе қателерден болатын елеулі бұрмалауы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етуіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Басшылық Топтың үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау үшін, үздіксіз қызметке қатысты мәліметтерді тиісті жағдайларда жария ету үшін және Басшылық Топты жоюды, қызметін тоқтатуды көздеу жағдайларын немесе қызметті жою мен тоқтатудан басқа баламаның жоқтығының болмағандығын есепке алмағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептілікті дайындау үшін жауапты болып табылады.

Топ Басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау процесін бақылау үшін жауапты болып табылады.



### *Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты аудитордың жауапкершілігі*

Біздің аудитіміздің мақсаты шоғырландырылған қаржылық есептілікте ықылассыз әрекеттер немесе қателер нәтижесінде пайда болатын жалпылай маңызды бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы толықтай сенімділікке ие болу және пікірімізді білдіретін тәуелсіз аудиторлар есебін шығару. Жеткілікті сенімділік сенімділіктің жоғарғы деңгейі болып табылады, алайда, ХАС сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалауларды, егер бар болса, әрқашан анықтай алатындығына кепілдік бере алмайды. Бұрмалаулар ықылассыз әрекеттер немесе қателер салдарынан орын алуы мүмкін, және, егер басқалардан бөлек немесе бірге шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне ықпал ете алса, олар маңызды деп қаралады.

Біздің аудитте ХАС сәйкес кәсіби пайымдаманы қолданамыз және аудитті жоспарлау мен жүргізу барысында кәсіби күмәншілдік қағидасын басшылыққа аламыз. Сонымен қатар:

- Ықылассыз әрекеттер немесе қателер салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалау қауіптерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерді табу үшін аудиторлық тәсілдерді жасаймыз және қолданамыз, және өз пікірімізді білдіру үшін толық және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан пайда болатын маңызды бұрмалауларды таппау қауіпі қателер салдарынан пайда болатын маңызды бұрмалауларды таппау қаупінен жоғарырақ, өйткені ықылассыз әрекеттерге келісім, алдау, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап беру немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттері жатады;
- Аудит процесінде қолдану үшін қалыптасқан жағдайда пайдалана алатын аудиторлық тәсілдерді жасау мақсатында, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, ішкі бақылау жүйесін зерттейміз;
- Қолданыстағы есеп саясатының дұрыстығын және бухгалтерлік бағалардың негізділігін, басшылық дайындаған ақпараттың тиісті түрде ашылуын зерттейміз;
- Басшылықтың қызмет үздіксіздігі қағидасын қолдану заңдылығы туралы және Топтың үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайларға байланысты елеулі белгісіздікті анықтайтын аудиторлық дәлелдер негізінде қорытынды жасаймыз. Елеулі белгісіздіктің бар екендігіне көз жеткізген жағдайларда біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалатын ескертпелерге назар аударуымыз қажет немесе тиісті деңгейде ақпаратты ашпау жағдайында пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің тұжырымымыз есебіміздің дайындалу күніне алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешектегі оқиғалар немесе шарттар Топтың үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыра алу қабілетіне әсер етуі мүмкін;
- Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы құрамын, құрылымын және мазмұнын, сонымен қатар, ақпараттың ашылуын, осыған негізделген операциялар мен оқиғалардың дұрыстығын қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін жауаптымыз.

Біз Топты басқаратын тұлғаларға жоспарланған аудит көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудит барысында көзге түскен маңызды аудиторлық ескертулер, ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабар береміз.

Біз сонымен қатар басқару өкілеттігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық, сондай-ақ осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етеді деп дәлелді түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



**Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты аудитордың жауапкершілігі, жалғасы**

Біз басқару өкілеттігіне ие тұлғалар назарына жеткізілген мәселелердің ішінен ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржы есептілігі аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуі мәселелері болып табылған мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе мұндай ақпаратты хабарлаудың кері салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түседі деп болжам жасауға болатын, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс екіндігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, бұл мәселелерді аудиторлық қорытындымызда сипаттаймыз.

Бекітемін

Серик Кожикенов  
Жоба жетекшісі  
Аудитор, біліктілік куәлігі № 0000557, Қазақстан  
Республикасының Қаржы Министрлігімен 2003  
жылдың 24 желтоқсанда берілген  
Атқарушы директор  
«Moore Stephens Kazakhstan» ЖШС  
15 шілде 2021 жыл



Николай Славянинов  
Жобаның тексеруші серіктесі  
Қоғамдық бухгалтер сертификаты (CPA)  
№ 10018, Орегон, Америка Құрама Штаттары  
2001 жылғы 20 тамызда берілген



Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігімен 2020 жылдың 9 маусымында берілген аудиторлық қызметпен айналысу құқығын беретін № 20008067 мемлекеттік лицензия

**«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ**  
**Кірістер мен шығыстар және өзге де жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есеп**  
**2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**

мың теңге	Ескертпе	2020	2019, қайта есептелген
Табыстар	5	99,918,766	87,734,046
Өткізудің өзіндік құны	6	(88,803,765)	(82,104,219)
<b>Жалпы табыс</b>		<b>11,115,001</b>	<b>5,629,827</b>
Өткізілім бойынша шығыстар	7	(1,269,375)	(1,010,706)
Жалпы өкімшілік шығындар	8	(4,654,950)	(4,203,768)
Құнсызданудан болған шығындар, нетто	9	(3,939,825)	(1,927,095)
Өзге операциялық табыс, нетто	10	1,500,316	523,788
<b>Операциялық табыс (шығын)</b>		<b>2,751,167</b>	<b>(987,954)</b>
Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындар кірістерінің (залалдарының) үлесі	14	1,171,596	(462,242)
Қаржылық шығындар, нетто	11	(2,319,474)	(2,931,608)
Бағам айырмадан шығын		(828,697)	(29,447)
<b>Салық салынғанға дейінгі табыс (шығын)</b>		<b>774,592</b>	<b>(4,411,251)</b>
Табыс салығы бойынша шығын	12(a)	(310,686)	(2,486,006)
<b>Жыл ішіндегі табыс (шығын)</b>		<b>463,906</b>	<b>(6,897,257)</b>
Жыл ішіндегі өзге жиынтық кірістің жиыны		-	-
<b>Жыл ішіндегі жиынтық кірістің (шығынның) жиыны</b>		<b>463,906</b>	<b>(6,897,257)</b>
Жататын:			
Компания Акционерлеріне		377,583	(6,985,327)
Бақыланбайтын үлес		86,323	88,070

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топтың басшылығы 2021 жылдың 15 шілдесінде бекітіп, оның атынан қол қойған:



Дмитрий Ли  
Басқарушы директор

Гульвира Икматова  
Бас бухгалтер

**«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ**  
**Қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есеп**  
 2020 жылдың 31 желтоқсанына

мың теңге	Ескертпе	2020	2019, қайта есеттелген	2018, қайта есеттелген
<b>АКТИВТЕР</b>				
<b>Айналымнан тыс активтер</b>				
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	13	43,625,220	18,363,062	14,654,347
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		254,696	260,574	266,452
Материалдық емес активтер		314,028	337,339	267,798
Қауымдастырылған мекемелерге арналған инвестиция	14	7,165,569	7,024,271	7,556,078
Кейінге қалдырылған салық активтері	12(ө)	1,887,015	887,475	2,805,686
Берілген қарыздар	27(б)	2,101,514	2,095,796	1,818,741
Қолдануға шектелген ақша қаражаты	15	2,839,589	–	–
Өзге ұзақ мерзімді активтер		1,855,503	551,265	734,445
		<b>59,843,134</b>	<b>29,519,782</b>	<b>28,103,547</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>				
Тауарлы-материалдық қорлар	16	15,653,532	14,890,482	16,244,579
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		627,366	543,628	340,830
Берілген аванстар және өзге активтер	17	28,614,546	55,761,553	6,884,649
Сауда және өзге дебиторлық берешек	18	6,772,210	4,443,753	1,080,362
Қолдануға шектелген ақша қаражаты	15	821,413	–	–
Банк депозиттері		51,333	314,547	679,512
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	19	30,698,097	10,865,218	11,139,676
		<b>83,238,497</b>	<b>86,819,181</b>	<b>36,369,608</b>
Сатуға арналған активтер	20	104,391	4,305,257	4,305,257
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>143,186,022</b>	<b>120,644,220</b>	<b>68,778,412</b>
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>				
<b>Капитал</b>				
Акционерлік капитал	21(а)	57,118,832	26,276,802	24,776,802
Қосымша төленген капитал		412,406	412,406	412,406
Өтелмеген залал		(15,978,400)	(15,349,072)	(8,359,027)
Компания акционерлерінің үлесі		41,552,838	11,340,136	16,830,181
Бақыланбайтын үлес		879,720	843,861	795,474
		<b>42,432,558</b>	<b>12,183,997</b>	<b>17,625,655</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>				
Қарыздар және қаржылық жалдау	22	–	628,964	10,461,833
Сауда және өзге кредиторлық берешек	23	285,869	707,115	4,401,525
Төлеуге берілетін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер		731,873	399,600	358,779
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемесі	12(ө)	433,714	502,866	538,494
Кейінге қалдырылған кіріс - мемлекеттік субсидия		–	–	723,503
		<b>1,451,456</b>	<b>2,238,545</b>	<b>16,484,134</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>				
Қарыздар және қаржылық жалдау	22	28,926,022	29,361,594	18,665,642
Сауда және өзге кредиторлық берешек	23	13,176,458	17,591,426	3,891,327
Кепілдік міндеттемелері	24	2,979,947	217,605	–
Алынған аванстар	25	53,386,433	58,328,596	11,518,183
Төлеуге берілетін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер		492,834	567,740	545,390
Төленетін табыс салығы		340,314	154,717	48,081
		<b>99,302,008</b>	<b>106,221,678</b>	<b>34,668,623</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>100,753,464</b>	<b>108,460,223</b>	<b>51,152,757</b>
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>143,186,022</b>	<b>120,644,220</b>	<b>68,778,412</b>

**«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ**  
**Ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп**  
**2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**

мың теңге	Ескертпе	2020	2019, қайта есептелген
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Ақша қаражатының сатып алушылардан түсімі		103,831,649	141,803,730
Ақша қаражатының қызметкерлерге төлемі		(8,529,776)	(8,220,814)
Басқа салықтар мен әлеуметтік төлемдер		(8,117,832)	(5,269,671)
Ақша қаражатының жеткізушілерге төлемі		(66,221,526)	(128,093,687)
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының табыс салығын төлеу алдындағы түсімі	26	20,962,515	219,558
Алынған пайыздар		1,072,436	699,780
Төленген пайыздар		(218,759)	(1,632,288)
Табыс салығы төленген		(808,682)	(493,543)
<b>Операциялық қызмет бойынша түскен (пайдаланылған) таза ақша қаражаты</b>		<b>21,007,510</b>	<b>(1,206,493)</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу		(7,014,284)	(2,382,922)
Негізгі құрал-жабдықтарды сатудан келген түсімдер		12,015	45,500
Материалдық емес активтерді сатып алу		(58,912)	–
Еншілес және қауымдасқан кәсіпорындардағы қатысу үлестерін сатудан түсетін түсімдер		2,769,280	2,978,641
Банк депозитін ұлғайту		263,214	769,567
Алынған дивидендтер	14	119,365	69,565
<b>Инвестициялық қызмет бойынша (пайдаланылған) түскен таза ақша қаражаты</b>		<b>(3,909,322)</b>	<b>1,480,351</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Акциялар шығару	21(a)	2,715,570	1,500,000
Қарыздар бойынша түсімдер	22	4,228,378	4,772,867
Қарыздарды өтеу	22	(8,223,443)	(6,789,872)
Дивидендтерді төлеу		(50,464)	(60,951)
<b>Қаржылық қызмет бойынша пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>		<b>(1,329,959)</b>	<b>(577,956)</b>
Ақша қаражатының таза ұлғаюы (азаяуы)		15,768,229	(304,098)
Поступление организаций, находящихся под обцим контролем	21(r)	4,068,127	–
Ақша қаражаты және олардың баламаларына валюта бағамдарының өзгеруінің ықпалы		(3,477)	29,640
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері		10,865,218	11,139,676
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері</b>	19	<b>30,698,097</b>	<b>10,865,218</b>

Тура және жанама әдіс бойынша жиналған операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының ағымын салыстыру мен ақшасыз операциялар 26 ескертпеде көрсетілген.



**«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп**  
 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

мың теңге	Ақционерлік капитал	Қосылма төленген капитал	Өтелмеген залал	Компания акционерлерінің үлесі	Бақталмайтын үлес	Барлығы
2019 жылдың 1 қаңтарына	24,776,802	841,018	(7,724,815)	17,893,005	661,904	18,554,909
Табыс салығын шегеру кайып қателерді түзету,	3(в)	-	(428,612)	(634,212)	133,570	(929,254)
2019 жылдың 1 қаңтарына, қайта есептелген	24,776,802	412,406	(8,369,027)	16,830,181	795,474	17,625,655
Жыл ішіндегі жиынтық залал, қайта есептелген	-	-	(6,985,327)	(6,985,327)	88,070	(6,897,257)
Акциялар шығару	21(а)	1,500,000	-	1,500,000	-	1,500,000
Жарияланған дивидендтер	21(ө)	-	-	-	(39,683)	(39,683)
Өзге	-	-	(4,718)	(4,718)	-	(4,718)
<b>2019 жылдың 31 желтоқсанына, қайта есептелген</b>	<b>26,276,802</b>	<b>412,406</b>	<b>(15,349,072)</b>	<b>11,340,136</b>	<b>843,861</b>	<b>12,183,997</b>
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс	-	-	377,583	377,583	86,323	463,906
Акциялар шығару	21(а)	30,842,030	-	30,842,030	-	30,842,030
Жарияланған дивидендтер	21(ө)	-	-	-	(50,464)	(50,464)
Ұйымдардың жалпы бақылаудағы түсімі	21(г)	-	(1,006,911)	(1,006,911)	-	(1,006,911)
<b>2020 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>57,118,832</b>	<b>412,406</b>	<b>(15,978,400)</b>	<b>41,552,838</b>	<b>879,720</b>	<b>42,432,558</b>

**БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:****«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы»  
акционерлік қоғамы**

Пошта мекен-жайы:  
Қазақстан Республикасы  
010000, Нұр-Сұлтан қ.,  
Керей, Жәнібек хандар к-сі, 12А  
тел.: +7 (7172) 69-55-99  
факс: +7 (7172) 42-37-37  
e-mail: ke@ke.kz

## **«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2020 жылғы қызметі туралы Есеп**

### **1. Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат**

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 04.10 № 170/НҚ бұйрығымен бекітілген, «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы), Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 07.12 № 207/НҚ бұйрығымен бекітілген, «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2017 жылғы 04.05 № 94/НҚ бұйрығымен бекітілген, «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесі «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Компания), оның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесінің қызметі парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адамгершілік, адалдық, жауапкершілік, дәлдік, кәсібилік, объективтілік және Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сайланады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады.

### **2. Директорлар кеңесінің құзыреті**

Директорлар кеңесінің құзыретіне «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы Заң) және Жарғыда көзделген мәселелер жатады.

Директорлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің (егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе) және Компанияның атқарушы органының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі өз жұмысында барлық мүдделі тұлғалармен, оның ішінде Жалғыз акционермен және өз кезегінде еншілес және тәуелді қоғамдарға қатысты акционер болып табылатын Компания Басқармасымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға ұмтылады.

### **3. 2020 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы**

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы (2020 жылғы 1 қаңтарға):

- Талғат Жеңісұлы Жанжүменов – Директорлар кеңесінің төрағасы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі;
- Бауыржан Қадырұлы Тортаев – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Ғалымжан Уалханұлы Ыбырайымов – директорлар Кеңесінің мүшесі;
- Жанна Дачерқызы Егімбаева – Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі;
- Қуаныш Ердәулетұлы Бишімов – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Владимир Яковлевич Бобров – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Ержан Әлшімбекұлы Төлеубеков – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Серікжан Әміржанұлы Жакенов – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Жалғыз акционердің 2020 ж. 28.07 шешімімен (№ 414 бұйрық) Директорлар кеңесінің құрамы 9 адам болып сайланды:

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы (2020 жылғы 31 желтоқсанға):

- Талғат Жеңісұлы Жанжүменов – директорлар Кеңесінің Төрағасы;
- Бауыржан Қадырұлы Тортаев – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Ербол Сабыржанұлы Ахметов – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Жанна Дачерқызы Егімбаева – Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі;

- Әділбек Зейноллаұлы Сәрсембаев – Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы;
- Владимир Яковлевич Бобров – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Ержан Әлшімбекұлы Төлеубеков – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Серікжан Әміржанұлы Жакенов – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Еркебұлан Сайдоллаұлы Ілиясов – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, азаматтық қоғам өкілі.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі 2019 жылғы 12 тамыздан бастап 3 (үш) жыл және 1 (бір) адам, Еркебұлан Сайдоллаұлы Ілиясова - азаматтық қоғам өкілі, 2020 жылғы 28 шілдеден бастап өкілеттік мерзімі 1 (бір) жыл болып белгіленді.

#### **4. Іріктеу критерийлері және директорларды сайлау рәсімі**

Компания Жарғысының 32-тармағы 8) тармақшасына сәйкес, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның төрағасын және мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау жатады.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар мен Директорлар кеңесінің мүшелерінде өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Компанияның мүдделерінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, іскерлік және (немесе) салалық ортадағы біліктілігі мен оң жетістіктері болуы қажет.

Белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, басқа заңды тұлғаның бірінші басшысы (Басқарма Төрағасы), басшысының орынбасары (Басқарма Төрағасының орынбасары), бас бухгалтері болған тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе

белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесі мүшесінің төрттен артық заңды тұлғадағы лауазымын бір мезгілде иеленуіне жол берілмейді, Директорлар Кеңесі төрағасының лауазымына бір мезгілде тек екі заңды тұлғада ғана орналасуға жол беріледі. Директорлар кеңесі мүшесінің өзге заңды тұлғалардағы лауазымдарға орналасуына Директорлар кеңесінің мақұлдауын алғаннан кейін жол беріледі.

## **5. Директорлар кеңесінің 2020 жылғы қызметінің қорытындылары**

### Директорлар Кеңесінің отырыстары туралы ақпарат

Компанияның Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттар призмасы арқылы өз құзыретіне кіретін мәселелерді қарастыра отырып, ағымдағы міндеттерді шешуге шоғырланды. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамаларында және шешімдерінде көрсетілген. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу бетпе-бет немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен Қазақстан Республикасында енгізілген төтенше жағдайды және төтенше жағдайға байланысты шектеулерді ескере отырып, Директорлар кеңесінің отырыстары бейнеконференцияны пайдалана отырып, аралас форматта өткізілді.

Директорлар кеңесі 2020 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің 13 отырысын өткізді, онда 83 мәселе қаралды.

### Директорлар Кеңесінде 2020 жылы қаралған негізгі мәселелер.

2020 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында оның құзыретіне кіретін қызметтің стратегиялық және ағымдағы мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесінің шешімімен келесі негізгі мәселелер қаралды және бекітілді:

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның 2020 - 2024 жылдарға арналған Даму жоспары;
- Мүдделі мәмілелер;
- Жасалуына «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның мүдделілігі бар мәмілелер;

- 2019 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысын орындау шеңберінде «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның мүдделілігі бар мәмілелер;

- Ұйымдастыру құрылымы;
- Компанияның жылжымайтын мүлкін сату;
- Облигациялық бағдарламаны шығару;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерін қайта құрылымдаудың 2020 жылға арналған жоспары;
- 2019 жылғы Жылдық есеп;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары.

Келесі ішкі құжаттар бекітілді және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- Инсайдерлік ақпаратқа билік ету мен пайдалануды ішкі бақылау қағидалары;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Корпоративтік есеп саясаты;
- Еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылары.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің және комитеттердің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат:

	Директорлар кеңесі	Тағайындау және сыйақы комитеті	Аудит жөніндегі комитет	Стратегия және инвестициялар комитеті
<b>2020 жылы өткізілген отырыстар саны</b>	<b>13</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
Жанжүменов Т.Ж.	13/13 (100%)			
Тортаев Б.Қ.	12/13 (100%)		7/8 (100%)	8/9 (100%)
Ыбырайымов Ф.У.	3/3 (100%)			
Ахметов Е.С.	6/6 (100%)			
Бишімов Қ.Е.	3/3 (100%)			
Сәрсембаев Ә.З.	6/6 (100%)			
Егімбаева Ж.Д.	13/13 (100%)	7/7 (100%)		
Бобров В.Я.	13/13 (100%)	7/7 (100%)	8/8 (100%)	9/9 (100%)
Төлеубеков Е.Ә.	13/13 (100%)	7/7 (100%)	8/8 (100%)	9/9 (100%)
Жакенов С.Ә.	13/13 (100%)			5/5 (100%)
Ілиясов Е.С.	4/6 (66,67%)			

### Директорлар кеңесінің комитеттері

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына 1) - 4) тармақшаларда көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 27 тамыздағы шешімімен (№ 1 хаттама) Компанияда Директорлар кеңесінің үш комитеті құрылып, тұрақты негізде жұмыс істейді.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 17 шілдедегі шешімімен, № 6 хаттама, Стратегия және инвестициялар комитетінің құрамына Серікжан Әміржанұлы Жәкенов сайланды.

2020 жылғы 31.12 жағдай бойынша Компанияда келесі комитеттер жұмыс істейді:

- Тағайындау және сыйақы комитеті;
- Аудит жөніндегі комитет;
- Стратегия және инвестициялар комитеті.

<b>Комитет</b>	<b>Төраға</b>	<b>Мүшелер</b>
Тағайындау және сыйақы комитеті	Владимир Яковлевич Бобров	Жанна Дачерқызы Егімбаева, Ержан Әлшимбекұлы Төлеубеков
Аудит жөніндегі комитет	Ержан Әлшімбекұлы Төлеубеков	Владимир Яковлевич Бобров, Бауыржан Қадырұлы Тортаев



Стратегия және инвестициялар комитеті	Владимир Яковлевич Бобров	Бауыржан Қадырұлы Тортаев, Ержан Әлшімбекұлы Төлеубеков, Серікжан Әміржанұлы Жәкенов
---------------------------------------	---------------------------	--

2020 жылы Компанияның Аудит жөніндегі комитетінің 8 отырысы, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 7 отырысы және Компанияның Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитетінің 9 отырысы өткізілді.

## **6. Директорлар кеңесінің сыйақысы**

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібі Жалғыз акционер – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 12 тамыздағы № 638 бұйрығына қосымшаға сәйкес айқындалады, Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін жылдық тіркелген сыйақы және жылдық қосымша сыйақы төленеді. Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін отырыстарына баруға байланысты (жол жүру, тұру, тәуелсіздік) шығыстар да өтеледі.

Осыған қоса, сыйақы науқастануы себебі бойынша отырыстарда болмауын қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырыстарына (Бетпест/Сырттай) қатысқан жағдайда төленетіндігін атап өткен жөн.